

ЗЕЙНОЛЛА ОЛЖАБАЕВ



***УАҚ ШОҒА
ШЕЖІРЕСІ***

Петропавл - 2003

ББК 63,2

Солтүстік Қазақстан
облыстық өлкетану мұражайы.
«Асыл мұра» орталығы.

Ақылдастар алқасы:

Ғалым Қадірәлі, Қайролла Мұқанов, Жаныбаев Аманкелді, Бейсембаев Кенжеболат, Теміров Мейрам, Сауитбеков Қалиолла.

Кітаптың редакторы және баспаға дайындаған:
Социал Жұмабаев.

Зейнолла Олжабаев.

УАҚ ШОҒА ШЕЖІРЕСІ - 234 бет.

Кітапқа Солтүстік Қазақстан облысының Мағжан Жұмабаев және Жамбыл аудандарында тұрып жатқан Уақ Шоға аталарының шежіресі еніп отыр.

ISBN 9965-00-929-5

O 0503000000
00(05) – 03

© Зейнолла Олжабаев

ТАРИХИ ТАНЫМЫ МОЛ ЕҢБЕК

«Уақ Шоға шежіресі жазылып жатыр, шежірені жарғақ құлағы жастыққа тимей құрастырып жатқан Баян батырдың алтыншы үрпағы, Қазан төңкерісіне дейін қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданын алып жатқан Келтесор болысының болысы Басшығұлдың немересі екенін естігенде - Атадан ұл туып, ата жолын қуған екен деп ойладым. Баян батырдың ерлігі қайталанғандай сезіндім. Өйткені, ерлік елді жаудан қарумен қорғауда ғана емес, ел үшін, жұрт үшін ерекше қызмет етуді де ерлікке жатқызу кепрек. Кітаптың жарыққа шығуын тағатсыздықпен тосқан едім, бүгін кітаптың алғашқы шыққан нұсқасын оқып, қуанышымды оқырмандармен бөлісіп отырмын.

Автор өлшеусіз еңбек еткен. 30 мыңнан астам адамның бесіктегі жасынан бастап қазақтық қалпына дейінгі аралықтағы аталараптың есімдерін тауып жазу оңай жұмыс емес.

Кітапта Баян батырдың аталарап мен кейінгі үрпақтары толық қамтылып жазылған. 2004 жылды Баян батырдың 300 жылдық мерейтойы тойланар тұста жарық көргелі отырған бұл кітап ба-баларының тойына тарту болмақ.

Бұл кітап кейбір тарихшысымақтырдың «Баян батыр тарихи тұлға емес, ақын Мағжан Жұмабаевтың қиялынан шыққан әдеби кейіпкер» деулеріне сөзсіз тосқауыл бола алады.

Менің әкем Досмағамбет (Доскей) Жоламанұлы шежіреші адам еді. Әкем жазған қазақ шежіресін, оның ішінде Бидалы Уақ шежіресін жерлес жазушымыз Сәбит Мұқанов пайдаланған, қазір осы шежіренің түп нұсқасы жазушының мұражайында сақтаулы. Әкем жазған шежіре негізінде 1998 жылы «Өмір толғауы» атты кітабымда Бидалы Уақ шежіресінің толық емес түрін жазған едім, Зейнолла жөне Социал інілерім толықтырып, жалғастырып жазған екен. Менің де ата-бабаларымның аруағы жар болсын деп тілеймін.

**Әлеуметтік ғылымдар
академиясының академигі
Қабидолла Досмағамбетұлы Жоламантегі.**

АЛФЫ СӨЗ

Қазақ халқының саналы адамдары өздерінің ой-ерісіне шақ, өз халқының ауызша айтып, үрпақтан-үрпаққа сақтап келген ауызша шежіресін қалдырыды. Өйткені, қазақтың әрбір азаматы өзінің азаматтық борышының бірі ретінде баласына жеті атасын білдіруді міндстім деп санаған. “Жеті атасын білмеген жетімдіктің салдары” деген мақал да осыны білдірсе керек. Монгол халқында ата тарихын білмеген адамды адасқан аңмен тең деген аталы сөз бар екен. Сондықтан да болар, қазақ, монголда жеті атасын білу дәстүрі келе-келе бір жағынан тарихтың этнографиялық рөлін атқарып, дерек-мәліметтер қорын жасаса, екінші жағынан семья құрудагы аралық норманы, яғни туыс жағынан алғанда қайсы буынға дейін қыз алысып, қыз беріспеудің нормасын, меже-молшерін анықтайтын шеңбер дес болған.

Қазақта ру сайын шежіре болған екен. Қазақ әдегі бойынша жеті атасын білмеу мүмкін емес, сондықтан да “Жеті атасын білген үл жеті жүрттың қамын жер, өзін ғана білген үл құлагы мен жағын жер” – деген мәтел де бар. Ру, тайпалардың өрбүйн үрпақтан-үрпаққа ұластырып, жеткізіп тұратын шежіре тарқату салты мәдениетті елдердің біразында бар. Бірақ, ерекше қоңіл бөлөтіндердің бірі – біздің қазақ халқы. Бір өкініштің жазу-сызуымыздың коп уақыт бойы кенже қалу салдарынан қазақ руларының шежіресі үрпақтан-үрпаққа ауызша жетті.

Сондықтан өзгеріске түсіп, бастапқы нұсқаларымен дәлмемдәл шыға бермейтіні де заңды құбылыс. Қолдарыңызға тиіп отырған Зейнолла Олжабайұлының құрастырған Уақ Шога шежіресі туралы да осыны айттар едік.

Шежіре тарқату барысында көнірек жазылатынын ескеріп, кітап авторы жайлы айта кетейік. Зекең атақты батыр Баянның алтыншы үрпағы. Ұлы атасы Басшығұл өз заманында болыс болып ел билеген, әділдігімен, шешендігімен, қайырымдылығымен аты шыққан, XIX ғасырда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы жерінде сл билеген Шыңғыс Уалиханов, Есеней Еstemісов, Жылғара Байтоқиндермен замаідас, үзенгілес болған адам екен. Әкесі Олжабай адамгершілігі мол, елге сыйлы, бес саусағынан онер тамған адам болыпты. Осындай ортадан шыққан Зекең де жас кезінен білім қуып, сонау 1955 жылдары Мәскеу қаласының малдәрігерлік академиясын тәмамдайды. Бұл оку сол кезде екінің бірінің қолынан келе бермейтін еді. Сол 1955 жылдан бастап зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін тұған жері Мағжан Жұмабаев ауданында

мамандығы бойынша басшы қызметтер атқарады. Көп жылдар бойы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастырының орынбасары болып істейді.

Облысымызға танымал қадірлі қарт қазір де қол қусырып отырған жоқ, әр кез қоғамдық жұмыстардың оргасынан корінеді. “Қазақ тілі” қоғамы жанындағы ақсақалдар алқасының мүшесі, орталық мешіт ішіндегі ұйымдастыру жұмыстарына белсene қатысып, бес уақыт намазын қаза қылмайды.

“Менің, - дейді Зекең, осы шежіре кітабымды жазуыма кей жастардың өзінің ұлы әкесінен әріге бара алмай, ата сақалы аузына біткен дейтін азаматтардың жеті атасын білмей жатуы себел болды. Енді кейінгі үрпақ өз ата тарихын білсе еken деген ниеттен де туды. Бір өкінетінім, кезінде ауылдағы құймақұлақ шежіреші: Хафіз Асқаров (акын Ерік Асқаровтың әкесі), Қенжетай молда, ағамыз Нұргали Жаныбайұлы, әкем Олжабайдың туған елдің тарихи туралы, атапарымыздың шежіресі жайлы әңгімелерін хаттай алмай қалдық. Шежіреші қарттарымызды өмірден өткізіп алып, қолымызды кеш сермедік”.

Оқырман бұл кітапты оқи отыра қадірлі қарттарға тән арттағыға сөз қалдыруды, мұра қалдыруды берік ұстаған Зекеңнің инемен құдық қазғандай енбек еткенін байқай алады.

Кітапқа негізінен қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданында, Қызылжар қаласында, Жамбыл, Шал ақын аудандарында тұрып жатқан Уақ руына жататын Шоға атапары мен Бидалы Уақ атапарына қарасты адамдардың шежіресі кірген. Автор өзінің ата қонысы, көп жыл қызмет атқарған Мағжан Жұмабаев ауданы түрғындарының шежіресін толық қамтуға тырысқан, сондықтан кітапқа Уақ руынан басқа ауылдас, іліктес болған атығай, қарауыл, керей руларына қарасты адамдардың шежіресі де кездеседі.

Бұл кітаптың тағы бір құндылығы – шежіре жалаң жазыла бермей сол ру атасының басшы, көрнекті, атақты адамдарының өмір-деректері қосы жазылған. “Батырлығы алашқа аян” Баян батыр, Сары батыр, Ідіріс, Мәлік Айдарбековтар, Ерік Асқаров тағы басқа тарихи тұлғалар туралы жазған. Сөйтіп тарихта “Жолдызек” деп аталған, қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы деп аталған өнірдің арғы-бергі тарихынан мол дерек келтіреді.

Боранышы Шоғаның Жамбыл ауданында тұратын атапарының шежіресі Жамбыл ауданы Үлгі орта мектебінің директоры Бектұрған Құрмашұлы және Социал Жұмабайұлынан, Шоғаның Өтеміс атасы шежіресі Қосыл Абдрахманұлы мен Уалихан

Куанышұлынан, Бидалы Уақ және Киров ауылы Шоға атала-
рының шежіресі Уәйіс Еламанұлы, Қабидолла Досмағамбетұлы,
Социал Жұмабайұлы шежірелінен алынды.

Жоғарыда жазғанымыздай кітап авторы жазушы, не өде-
бистің емес және жазу жұмысымен машықтанбағандықтан да
болар автордың ойлары кейде сөйлеу тілімен жазылып, жазба
стиль сактала бермей, сөйлем мүшелерінің орыны ауысып келіп
жатады. Сондықтан автор оқырманынан алдын ала кешірім су-
райды.

Құрметті оқырман! Бұл кітап, өсіреке, аталарының есімдері
жазылған азаматтар отбасыларының төрінен орын алып, қасиетті
дүниесіне айналатынына сенеміз.

Социал Жұмабаев.

УАҚ ШЕЖІРЕСІ

Шежіре зерттеушілердің пікірінше Уақ руы ХV ғасырлық ба-
сынан ғана мәлім бола бастаған. 1420 жылы Токтамыс ханның
ұлы Қадыберді мен Едігенің арасындағы шайқаста қайтыс
болған Ер Көкше Уақ еді. Оны уақтар арғы атасы деп біледі:
«Уақ» сөзін «ұсақ», «майда» деген мағынаға сойкес алынған
дейді зерттеушілер. Дұрысында Уақтар Орта жүздегі ең саны аз
ру болып табылады.

КСЭ дағы шежіре бойынша Уақ: Шоға, Сарман, Байназар,
Сарыбағыс, Сіргелі, Еренші, Әлімбет, Бидалы, Жансары, Бар-
жақсы, Шайқөз аталарына болінеді. Мұның соңғы төртеуін Ер-
генекті Уақ деп атайды. Қазак арасынан кең тараған аныз бойын-
ша Уақ Керей тайпасымен туыстас. Уақтың арғы атасының ана-
сы ері Жаубасар өлген соң, бір жылдан кейін әменгерлік әдет
бойынша оның ағасы Ошыбайға (Керейдің әкесі) тиеді. Сон-
дықтан да Уақ Керейдің інісі болып есептеледі. Негізінен Есіл
мен Обаган өзендері аралығында, Ертістің бойына қоныстанған.
(КСЭ. II том, 271 бет).

Архив құжаттары бойынша 1820-1844 жылдары патша
әкіметі қазақ жерін толығымен иемдену мақсатымен қазақ-
тардың ру жігімен есебін алған. Осы есеп бойынша Аяғоз ок-
ругіндес 710 отбасыдан тұратын 11 ауыл Сарман Уақтар, 939 от-
басы қарасты 15 ауыл шоға уақтар тұрған. 1841 жылғы есеп
бойынша осы ауылдарда 3220 сарман уақтар, 3999 шоға уақтар
болған.

1894 жылы Баянауыл округінде 384 отбасы Бидалы уақтар, Көкпекті округінде 170 отбасы, Омбы округінің Құлынды дала-сында 665 отбасы. Ертіс өзенінің солтүстік бетінде 909 отбасы уақтар тұрған. Аманқарағай округінде, қазіргі Солтүстік Қазақстан, 1399 отбасы Уақ болған. Қостанай облыс жерлерінде Ергенекті уақтар: Баржақсы, Бидалы, Жансары, Шайгөз уақтар тұрған. 1840 жылғы есеп бойынша 11 ауыл (660 отбасы) Баржақсы уақ, 10 ауыл (660 отбасы) Бидалы уақ, 11 ауыл (637 отбасы) Жансары уақтар тұрған. Осы округтағы барлық уақтар 32 ауыл 1957 отбасы болған. Шайгөз уақтар бөлек болыс болмай, Баржақсы уақтардың есебінде болған.

Барлығы Петропавл уезінде 221 ауыл (2260 отбасы) уақтар болған. Бұл бүкіл уезд халықтарының 19,8% пайызы еді.

Енді республикамызға танымал шежіреші, ауыз әдебиетін зерттеуші Қаратай Биғожиннің Уақ руының қоныстануы туралы деректеріне тоқталайық.

Сарман Уақ Семей облысынын жаңа Семей, Покровка, Новощуульга аудандарында және Семей қаласының өзінде тұрады екен. Сіргелі Уақ Семей облысының Бесқарағай ауданында Балта керей, Қаракесек Арғын елдерімен аралас тұрады екен. Қалған сіргелі Уақтар Қостанай облысының Жетікөл ауданында Ақымбет, Тоқымбет керейлермен, Қоқшетау облысының Рузаев ауданында Жансары Уақ, Балта керей, Атығай елдерімен аралас тұрады. Павлодар облысының Железинка ауданында Абырай, Шағай, Шоға Уақтар Бесқара керей, Қанжығалы Арғын, Қосайдар Қыпшақ елдерімен аралас тұрады. Шарбақты, Лебяжье аудандарында Мұрат, Бозөкпе, Жансары, Бидалы, Шайгөз Уақтар Қозған Қақсал, Бөсөнүйін Арғындармен аралас тұрады.

Баржақсы, Шайгөз Уақтар Қостанай облысының Ленин ауданындағы Аманкелді ауылында және Пресногорьков маңында тұрады. Аздаған Шайгөз Уақтар Шымкент облысында кездеседі. Қостанай облысының Қарасу ауданында Уақтың әр руынан тараган аталары тұрады, соның ішінде біразы Бидалы Уақтар боп есептеледі. Сонымен қатар Жамбыл ауданындағы Киров ауылында Шоға, Бидалы Уақтар Алдай керейлермен аралас, Есберлі аулында Уақтар Қөшебе керейлермен аралас тұрады. Сондай-ақ, облысымыздың М. Жұмабаев ауданында Шоға Уақтар Күрсары Керейлермен, Қарауылдармен, Атығайлармен аралас тұрады. М.Жұмабаев ауданындағы Қазақтардың басым көпшілігі Шоға Уақтар боп табылады. Сонымен бірге Шоға Уақтар облысымыздың Сергеев ауданындағы Балуан ауылында Қөшебе, Қантай ке-

рейлермен аралас Жамбыл ауданындағы Үлгі, Толыбай бөлімшелерінде Шоға Уақтар Керейлермен аралас тұрады.

Сонымен қатар, Еренше Уақтар азшылығы Торғай облысының Жанкелдин ауданында тұрады, әрине, олар Кіші Арғындармен, Қыпшақтармен аралас тұрады. Батыс Қазақстанға жататын облыстардың ішінде, яғни Кіші жүз жерінде Ақтобе облысының Ойыл ауданында, Ақтөбе қаласының өзінде Еренше Уақтың Бармақ атасының біраз үрпақтары Кіші жүздермен аралас тұрады. Ресейге қарасты Кіші жүздер тұратын облыстардың бірі – Орынбор облысында иісі Орта жүзден үші атасының үрпағы бар. Біріншісі – Кіші Арғынның Қараман атасынан шыққан Бөгенбай батыр Қожекеулының (Қазақ тарихындағы үшінші Бөгенбай батырдың) үрпағы. Екіншісі – Балта керейдің Мырза атасынан шыққан Қолшыман батырдың үрпағы. Үшінші – Еренше Уақ Бармақ батырдың үрпағы. Кіші жүз жерінде бұл үшеуінен басқа орта жүзден полендей іргелі өulet кездеспеді. Бармақ Уақ өuletі мен Қолшыман батыр өuletі Орынбор облысының Ақбұлак ауданында Кіші жүздермен аралас тұрады. Қолшыман батыр тұқымының әйелдері балтаны шапқы дейді.

Уақтардың басым көпшілігі 1795-1822 жылдар аралығында Он екі ата Абак керейге, Танаш биден тараған Қарасары, Әжі, Жәдік Балталарға, Қарақас, Жастабан, Жолжақсы Көшебелерге, Шимойын Сибанға, Ақылбек Ақсарыға (бірі Ашамайлы керейлер), Меркіт керейге ілесіп, Ертіс сыртындағы елсіз далага көшіп барған. Он бес мың шаңырақ Аппамайлы Керейдің алғашкы рет ауа көшіп барған жылы – 1795 жылдан – қоян жылынан коктемінен бастап, Құлынды даласы деп аталған. Құлынды даласына Керей-Уақтар Қорған, Тұмен, Омбы облыстарының жерінен, яғни Батыс Сібірден көшіп барған. Бұл жайында Алматыдағы, Омбыдағы мемлекеттік архивтерде толық деректер бар.

Уақтар Керейлермен бірге 1805-1835 жылдар аралығында Алтай, Шөуешек аймақтарына Құлынды даласынан көшіп барған екен. 1805 жылдың жазынан бастап, Алтай, Шөуешек аймақтары Қытайға қараған Құлынды маңында жолжақсы Кошебелер ғана қалған.

Уақтардың бір тобы Керейлермен бірге Алтай Шөуешектен көшіп, 1835-1861 жылдар аралығында ескі Маңғұл даласына бағып, сондағы қалмақтармен соғысып, зорға дегендे қоныс алған.

Уақтар Қытайға қарасты Шығыс Түркістандағы Алтай аймағында Керейлермен аралас, Шөуешек қаласында Керейлермен, Наймандармен, Татарлармен аралас, Монголияда Керейлермен,

Наймандармен аралас тұрады. Ұақтар ХХ ғасырдың бірінші жартысында Керейлердің Қытай отаршылдарына қарсы халық-азаттық көтерілісіне белсене қатысқан.

Ергенекті Ұақ деген Ерен Ұақтың таңбаға байланысты алған жанама аты. Бірақ ешбір шежіреде Еркенекті деген есім Ұақ атalaryның қатарынан орын алмаған кісі аты ретінде де аталмайды. Ерен Ұақты Еренше Ұақпен шатастыруға болмайды, екеуі екі рулы ел.


Кейбір шежірешілер Ергенекті Ұақты Найман руына жатқызады. Бұл мұлдем қате пікір. Кісі аттарының үқсастығынан айтыла салған жалған өнгіме. Архивтерде сакталған көне шежірелерді Ұақ руынан екендігі анық жазылған.


ШОҒАДАН ТАРАҒАН ҮРПАҚТАРДЫҢ ҚОНЫСТАНУЫ

Байменнен тараған 5 ұлдың бірі – Шоға. Шоғадан → Бәйімбеттес → Қырғызәлі, Қозымерек. Қырғызәліден → Еліс, Мұлкіс. Елістен екі бала туған: Ес (Бақан) – бұлар Мағжан Жұмабаев ауданында Қоскөл ауылында тұрып жатыр, екінші Айдар (Таз) – Қоскөлде, Қарағанды совхозында, Петровпавлда. Мұлкістен → Есқара. Есқарадан төрт ұл: Қарабас, Шақа, Бораншы, Масай. Шақа – Дүйсеке ауылында. Бораншы, Масай ағайындарымыз, бұрын Еңбекші деген үлкен 10-жылдық мектебі болған қалың ел еді. 1950 жылдары түп орнымен жойылып (көшіп), Сулышоқ ауылына қоныстанды.

Ал, Қарабастан туган: Абыл, Қасаболат. Алтыбайлардың қоныстары: Абыл және кіші Абыл негізінен Дүйсеке ауылында. Жанықұлда кіші Абыл, Жарбол, Алтыбай үрпактары қоныстанды. Қазір бұл ауыл түп орнымен жоқ. Дүйсеке ауылына жиынтықталып: үлкен Абыл, кіші Абыл, Қара, Майлы ағайындарымыз 150-дей үй болған. Кезінде Ворошилов колхозы болып дүркіреген ел еді. Қантай ауылында – Абыздан тарағандар, жеке ел болып бұлар да 1953 жылдары, көшіп Бірлік (Бинаш қажы) еліне келіп іріленіп қолхоздасты. Кенжеқарадан тарағандар бұрыннан осы Бинаш қажы ауылында қоныстанған, ата қоныстары болатын.

ҚАЗАҚ ШЕЖИРЕСІ





Орта жүзге қарасты рулар

Арғын	Қыпшак	Найман	Қоңырат	Керей	Уақ	Тарақты
Шақша	Файқша	Бура	Байлар	Меркіт	Шоға	
Шаржетік	Кітібай	Қаракерей	Жандар	Жастабан	Сарыбағыс	
Тортаялы	Бұлтық	Әнірек	Құлшығаш	Жәдік	Сіргелі	
Тарақты	Қарабалық	Ақ	Оразкелді	Ишем	Еренші	
Қаракесек	Көлденен	Барак	Божбан	Жантекей	Әлімбет	
Қанжығалы	Танабұға	Өтей	Ақболат	Шеруші	Бидәлі	
Атығай	Көкмұрын	Қызай	Тоқболат	Қарақас	Жансары	
Қараул	Қоңыр	Қарабала	Қаракесе	Майқы	Баржақсы	
Алтай	Торайғыр	Машай	Жетімдер	Сарыбас	Шайкөз	
Қарпық	Ұзын	Сабыр	Алхи	Шұбарайғыр	Сарман	
Темеш	Алтыбас	Тортул	Алти			
Тналыбарлы	Құлан	Әргенекті	Шанқытай	Қанбадақ		
Бәсентиін	Алке	Бағаналы	Санғыл	Шимойын		
Қалқаман	Досан	Балталы	Борай	Сарыкерей		
Қозған	Қоқпан	Сарысамор	Тілей	Ашамайлы		
Көкшел	Кезей	Кертанбалы	Қоңыршунақ	Шақантай		
Тобықты	Козы	Қаратай	Қайдық			
Қаржас	Байсары		Қылбедеу			
Бошан	Шегр		Құрбан			
Шанқар	Қаракыпшак					

Ұлы жұзді – қауға беріп, малға қой.


Орта жұзді – қалам беріп, дауға қой.

Кіші жұзді – найза беріп, жауға қой.


Он екі ата: Атығай, ⇒ Дәүіт, ⇒ Қалқас, ⇒ Құдайберді, Байімбет, Баба, Молыс, Бабасан, Бағыс, Аққиік, Құлансу, Қойлы, Есентанырық, Майлышалта, Жауғаш.

Сегіз ата Қарауыл: Атқы, Жауар, Мөнтік, Сары, Есенбай, Қараша, Ананай, Қоңырша.


Жұздерге кірмейтіндер: Кожа, Төре, Төленғұт, Қолеген, Сұннак (рулары).



51



ЕСҚАРА БАЛАСЫ ҚАРАБАС АТАСЫ ШЕЖИРЕСІ



Ескерту: 1. “_____” сзығаша белгісі артында қалған үрпақ жок деген белгіні білдіреді.
 2. Кейбір шежіреге өтініштер бойынша шежіре жазу дәстүрі бұзылып, қыздарының есімдері жазылған.



Уақ Баян батыр

БАЯН БАТЫР

Ақыл тұрмас қашқанда,
Дегбір тұрмас сасқанда.
Баяндай ерді көрмейсін,
Бұрылып жауды шанышқанда...
Батырды айтсаң, Баянды айт Үақтағы,
Басқа батыр қайтсада бір қайтпаған! –

қазақ халқының елдігіне сын болған ерлік заманының жорық жырларының бірінде Абылай ханның қарулас серігі Баян батыр осылай дәріптеледі.

«Ақтабан шұбырынды» заманында және одан кейінгі кездер қазақ даласын басқыншы жаудан азат етуде қайталаңбас ерліктерімен танылған халық қаһармандары туралы енді-енди жинақталып жатқан тарихи мәліметтер арасында Баян батыр туралы деректер өзірге толық емес, бірақ осы деректердің өзінен оның сом тұлғасы жарқын көрініс береді. Оған Абылай ханның дуалы аузынан шыққан «Өз батырларымның арасында Бәсентиін Малайсары мен Уақ Баян батыр бәрінен жоғары тұр. Малайсары байлығы, батырлығы, мінезі жағынан, ал Баян батыр ақылы мен ержүректілігі жағынан"»деген сөзі де айғақ (III. Уәлиханов. шығармалар жинағы. I том, 22-бет).

Баян батыр «Ақтабан шұбырындының» зарын көзімен көріп өскен, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай тәрізді қаһармандардың ерлік өнегесімен тәрбиеленген батырлардың нақты туған жылы туралы дерек жоқ. Батырдың үрпақтарының айтудына қарағанда шамамен 1704 жыл туса керек. Осы жорамалды басшылыққа ала отырып біраз терендесек, шындыққа жақын болар деген ой түйеміз. Бірінші дәлеліміз – Абылай хан өзінің атақты батырлары туралы айтканда Қабанбай, Бөгенбайларды «менен ілгергі» деп, Баян батырды өз тұстасы ретінде атайды. Екінші – ел аузындағы аңызға қарағанда Баян батырлығымен тұнғыш рет Әбілмәнсүрдің Абылай хан аталып, жонғарға қарсы қол бастап шыққан бір жорығында танылады. Ол туралы аңыз былай дейді: Бір жорықта қалың қолдан озық шығып кеткен Абылай азғана нөкерлерімен қапылыста жау қоршауында қалып қояды. Абылай «Жауға шабар кім бар?» деп үш айтқанға дейін ешкім орнынан тырп етіп қозғалмайды. Қаншама жау жүрек болса да кеудесін тікенектей қалың найзага төсөу оңай ма!

Абылай «Бұл қазақта жауға шабар бір ұл тумаған ба?» деп қатты қапаланады. Сонда есік пен төрдей сарыала ат мінген біреу: «Қазақ жауға шапса сенен сұрап шаба ма, хан-нем!» деп, үмтыташауып, қалың қалмақты майға салған пышақтай тіліп өтіп, хан қосынын қоршаудан алып шығады. Қоршауды бұзған жерде қаша ұрыс салыш, әрқайсысы жеке қол бастаған

өңшең көкжалдар аман құтылып, бас қолға келіп қосылып, жауды күйрете жеңеді. Көңілі әбден орнықкан соң Абылай «Манағы сарыала атты батырды тауып әкеліндер!» деп жарлық береді. Алдына келтірген сақал-мұрты енді тебіндей бастаған еңсегей жастың келбетіне разы бола отыра Абылай: «Жауға шабарың бар – бір айттырмай неге үш айттырдың?» дейді, - Алдыңнан кесіп өтпейін дедім хан-ием. Екіншіден – іркілгенім – алдында аға баласы – Арғын болды. Жолын орамайын дедім. Үшіншіден – елімнен басқа қарайлайтын ештеме қалған жоқ» денті батыр. Сонынан ұзақ жылдар үзенгілес серік еткен Баян батырмен Абылай өзінің таққа отырған шағында осылай танысады.

Ақыл тұрмас қашқанда,
Дегбір тұрмас сасқанда.
Баяндай ерді көрмейсін,
Бұрылыш жауды шапқанда! –

деген өлеңді Абылай Баянның осындағы ерлігіне разы болы айтыпты-мыс дейді аныз.

Сонымен бірге осы әңгімeden Баянның батыр ғана емес, сөз жүйесін табатын шешен, ой арнасын табатын ақылды, кеменгер адам болғанын да аңғарамыз.

Баян батыр өзінің қазақ даласын ең соңғы жонғардан ала-стau сияқты көкейкесті арманына жете алмай, соғып өткен құйында, аққан жүлдyz тәрізді қысқа ғана ғұмыр жасап, қапыда кеткен батыр. Жалғыз жүріп қол жинап, сан қамалды жеке бұзған Баян шағын жасағымен Іле бойында қалмақтың қалың қолымен шайқаста, 1759 жылы алпыстан енді асқан шағында қаза тапқан. Бұл турасында Илияс Есенберлиннің «Жанталас» романында суреттелген оқиға мен ел есінде хагталған аныз бір жерден шығады.

Баян батыр туралы өлі жинақталып, бір жүйеге келтірілмеген аңыздар көп. Осындағы аңыздардың бірі Мағжан Жұма-баевтың көркемдік қуаты аса жоғары, сарыншыл «Баян батыр» дастанына негіз болған. «Бірақ мағжан ел аузындағы аныз аясында қалмай, кейбір тарихи шындықтарды шығарма-

ның көркемдік қуатын арттыру мақсатында бүрмалауға баралды» деп жазады батырдың ұрпақтарының бірі, ақын, М.Макатаев атындағы сыйлықтың иегері Ерік Асқаров.

Мұндағы сөз болып отырған – дастандағы Ноян бейнесінің Ноян деп алғаны – Баянның шөберелес ағасы Сары батырдың баласы Қыстаубай. Ел есінде қалған әңгімелеге қарағанда Қыстаубай расында да қалмақтың Лагда батыр қызымен қашқан екен. «Сары батыр долданса соғыста екі көзін қан жауып кетеді екен. Қашан оншақты дүшпанын түйреп тастағанша көзі ашылмайды. Оған дейін шылбыры Баянның тақымында жүреді екен» деген бұрынғылардан қалған сөз бар. Сол Сары «Қыстаубайды қуып жетіп өлтір, киім мен қару-жарағын көзімше көм!» деп Баянды жұмсайды. Баян Қыстаубайды қуып жетіп, бір қабат киімін қозының қанына малып, Сарыға алып келеді. Қыстаубайдың нағашысы кіші жүзде екен, сонда бар деп кеңес береді.

Баянның шыққан тегі туралы Ілияс Есенберлиннің «Жанталасындағы» «Баянның арғы тегі монғолдан сіңген Саян, Аян дегендер еді» деуі негізсіз.

Баян – Орта жүздің Уақ руынан. Уақ өз ішінен Бидалы, Жансары, Баржақсы, Шайгөз, Шоға, Мұрат болып бөлінеді. Шоға – Баянның арғы атасы. Уақ өте шашыраңқы орналасқан ру. Оның біраз тайпалары Семей, Кереку, Аягөз, Өскемен мандарын мекендейді. Тіпті, Уақ Шу өзені мен Ақтөбе, қалаберді Қыттай мен Монголиядан да ұшырасады. «Ақтабанға» дейінгі негізгі мекені тегі Сыр бойы, одан беріде Ереймен-Семізбұғы, Қызылжар мен Қостанайдың аралығындағы Обаган өнірі болса керек.

Баян батырдың туыстары, олардан тараған ұрпақ қазір Солтүстік Қазақстандағы Мағжан Жұмабаев ауданында тұрып жатыр. Шежіресі жоғарыда берілді.

Баян тек қана батыр ғана емес, сөз жүйесін табатын шешен, ой арнасын табатын ақылды кеменгер адам болғанын да аңғарамыз. Машһұр Жүсіп дастанында: Әйгілі Олжабай батырмен, бәсентиін Малайсары батырмен 1756 ж. қалмақты

қойшы қырған Баян батыр, - дейді. Және де сыйызғыда ғаламат ойнаған күйіші де болған еken. Мысалы: Қорқыттың «Ақсак құлан – Жошы хан», «Боз інген», «Суга кетті ер Қотан, жеті қыз», «Саймақтың сары өзені» т.б. күйлерін сыйызғыда майын тамызып орындаған деседі.

Баян батыр өзінің қазақ даласын ең соңғы, жонғардан аластau сияқты көкейтесті арманына жете алмай, аққан жүлдыш дай қысқа ғана ғұмыр жасап, қапыда кеткен батыр. «Батыр бір оқтық дегендей, талай шайқаста «жауласын қойдай қырған» Баян батыр 1759 жылы ауыр жараланады. Сол кезде шартарапқа аты шыққан Еруәлі деген емші болған еken, батырдың сарбаздары найзаға салып майдан шебінен Қарқаралы өніріне қарай жолға шығады. Бірақ еңбектері еш болып, жолда батыр көз жұмады. Батырдың жерленген жері Шекшек (Қаракесек) бейітінде, Қарқаралыда бұрынғы Нұркен Әbdіров кеңшары деген пікірге көпшілік ден қойған сияқты. Оны айтып отырған себебіміз, Баян батыр қазасы туралы басқа да пікірлер бар.

Батыр Баян туралы ақын-жыраулар кезінде былайша толғаған еken.

1. Қожаберген жырау (1663-1763). Елімайдың үшінші бөлімінде:

Мың бітпес, жұз кетпейтін, «Жолды өзегін»,
Қалмақтан қайта тартып алды Баян.
Әркімнің ата жұрты өзіне алтын,
Қыстауын содан қайта салды Баян.

2. Үмбетей жырау:

Қара Керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай.
Сары, Баян мен Сағынай,
Қырмай па еді жауынды.
Қуантпап па еді қауымды,
Умыттың ба соны, Аблай? – дейді.

3. Аблай ханның Қабанбайға айтқаны:

Шапты жауын қайтадан,
Дарабозым – дарханым,
Туды күнін санқылдар,
Құбас атпен арқаның.
Көрсетсе Баян өнерін
Жауын тынбас еңсермей,
Бөгенбай мен Бөлегің
Шынқожа, Барак бір биік.
Асу бермес Асқарың, – деп жырлаған.

4. Қазақ халқының елдігіне сын болған ерлік заманының жорық жылдарының бірінде:

Фақыл тұрмас қашқанда,
Дегбір тұрмас сасқанда,
Баяндай ерді көрмейсін,
Бұрылыш жауды шанышқанда
Үйде батыр көп еді,
Жау жолында Баяндай,
Көзге түсері жоқ еді,
Батырды айтсаң, Баянда айт Ұақтағы,
Басқа батыр қайтсада бір қайтпаған!

5. Тәттіқара ақын 1756 ж. қазақ жеріне кірген Цин басқыншыларына қарсы құрес күндерінде туған өлеңінде:

Қамыстың басы майда, тұбі сайда,
Жәнібек Шақшақ ұлы болат наиза,
Алдыңнан су, артыңнан жау, қысканда,
Ер жігіттің, ерлігі осындайда,
Бөкейді айт, Сағыр менен Дулаттағы,
Дәріпсәлі, Мандайды айт Қыпшактағы,
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын.
Сары менен Баянды айт Ұақтағы.

6. Мағжан Жұмабаев – Батыр Баян дастанында:

Арқада бір өзенді дер Обаған,
Сол жерде азғана Ұақ қоныс қылған,

Уақтың ерте күнде өжет қайсар,
Ер Көкше, Ер Қосайдай ері болған,
Сол ері ерте күннің Ер Көкшениң,
Нәсілінен қайтпас алмас Баян туған, – деп жазады.

Мен бала жасымнан үлкен адамдардан ата-бабаларымыздың тарихы туралы айтқандарын естіп өстім. Әсіресе, қазак халқының атақты батыры, Мағжан Жұмабаев сияқты ақынның шабытын туғызған алтыншы атам Баян батыр туралы ел есіндегі қалған әңгімелерді көп естідім. Өзім осы сияқты батырдың үрпағы екенімді мақтан тұтып, батыр туралы баспа беттерінде жарияланған материалдарды жинастыра жүремін. Булаево селосындағы мектепке Баян батырдың есімін беру туралы іске арасқанымды, батырдың туғанына 300 жыл толу Қарсаңында Булаево селосында және Петропавл қаласының бір көшесіне есімін беру туралы батырдың кейінгі үрпақтары атынан жоғарғы орындарға ұсыныс жасап жүргеніміз көпшілікке мәлім.

БАЯН БАТЫРДЫҢ КЕЙІНГІ ҮРПАҚТАРЫНЫҢ КӨРНЕКТИ АДАМДАРЫ

Баян атамыздың үрпақтарының қоныстанған жерінен бастағанды жән көріп отырмын. Мұсабай үрпақтарының бірінші қоныстанған жері Келтесордың жиегінде ертеде қалың ағаш болған екен. Сол жерді (Қызылағаш), немесе Басшығұл ауылы деп атап, шамамен 1830-1930 жылғы аралығына дейін 100 жылдай тұрыппыз. Мен осында 1929 жылы дүниеге келіппін. Екінші қонысымыз Арап-Ағаш, бұл да Келтесордың жиегінде, мұнда да ағашты панарап көшіп келген. Бірақ көп қоныстанған жоқпыз 1930-1946 жыл аралығына дейін 16-17 жыл ғана қоныстандық. Арамыз бір шақырымдай аралығында «Көң» деп аталып кетті, мұнда Қарауыл ағайындарымыз отырды.

Домалақтың (Нысаналы) Омары, Жиенбай, Жүкен, Шәрім (Қозған руы) Қожабайлар. Барлығы бір ауыл, бір бауыр болып ете сыйлас жақсы отырды. Жаңағы жоғарғыда айтылған қалың орман ағаштарды көрші отырған Мамыттың (Орловка) орыстары ағашты ұрлап кесіп, ел жалаңаштаңған еken. Үшінші қоныстанған жеріміз толығынан есімізде. 1945 жылдан бастап 1987жылға дейін 42 жыл осында мекендедік. Мұнда көшіп келу себебіміз: бұл жерде Орташоқ деген екі қалың ағаш болды, соны паналап келдік. Ол ағаштар да қазір селдірей бастады. 1952 жылдан бастап, елді мекен жерлер іріленіп, маңайдағы Жанықұл, Ұшқызыл ауылдары біздің осы қоныста көшіп келіп Стаканов колхозы болып тұрақтады. Артынан Қарағанда совхозына қосылып, біртінде-біртінде көшіп Шери, Секен, Бейсек 1987 жылы ең соны болып, елдің тұндігін жапты.

Ата бабаларымыз туралы:

1. **Байтоқа-би** қара қылды қақ жаратын әділдігімен үлкен абыройға ие болған адам. Ол тірі тұрганда Шоға баласына ешкімнің тісі батпаса керек. Бұл кісіні замандастары ете қасиеттеп, ерекше есептейді еken. Бірде жол жүріп кеткенінде елде інісі Жантока қайтып кетеді. Руы Қарауылдан тарайтын Райдың Қойбағар деген белді адамы Байтоқаның келетін жолын тосқызып, сұық хабарды аяқ асты естімесін деп, өзі естірітсе керек. Сонда Қойбағар «бастай білсең ел қалды, баса білсең жер қалды» – деп естірткен еken. Бұл кісіден үрпақ болған жоқ. Арал-Ағаш зиратында жерленген, ең биік төмпешік. Кейінгі үрпақтарыма көрсеттім, әділдігімен аты шықкан Байтоқа бидің әңгімесін айтып жүремін.

2. **Басшығул**, Баян батыр немересі Мұсабай өулетінің ең көрнекті адамдарының бірі, ру басшысы. Байтоқа бидің тәрбиесінде болып, батасын алған. Ел ішінде «Басшығул айтты» деген әңгімелер көп. Негізінен Уақтың Шоға атасы мекендеғен «Келтесор» болысының старшыны, болысы болған адам. Сол уақыттағы солтүстік өнірдегі ел басшылары Есеней Естемісов, Шыңғыс Уалиханов, Тұрлыбек Көшеноғ сияқты адамдармен үзеңгілес болған адам. Басшығул атамыздың байі-

ті Арал Ағаш зиратында, басына белгі қойылды.

3. **Жаныбай** Басшығұлдың үлкен ұлы, 83 жасқа келген жа-сында 1953 жылы қайтыс болды Арал Ағаш ауылында. Жа-ныбай пысық, жан-тәнімен ағайыншыл адам еді. Еліміздің бір жігіті Қарой- жақтан бір қызды алып қашып келеді. Артынан отыз шақты Алданғор (ел адамы) бастаған құғыншылар келіп жетеді. Жүрістері тым сұыт, көнер емес, елдің тентегі деп Қо-ныспайды іздейтін көрінеді, іздең таба алмайды. Қоныспай болса үлкен тайқазанның астына тығызып қалған. Жаныбай атамыз Алданғордың алдынан шығып, сәлем беріп жатып, қолына 25 теңге ақша қыстыра қояды. Алданғор өзінің нөкерлеріне тоқтау айтып, алдымыздан Жаныбайжан шыққанда тоқтамасқа болмас деп, келісімге келіп, қонақ болып аттанған екен. Сонда, Алдынғор қолындағы ақшаның қанша екенін білмей «Жаныбайжан-ай! Саған аян, маған күмән» – деп бір не-ше рет айта берсе керек.

4. **Күлжабай** атамыз да болыс болып дәл өкесінің (Бас-шығулдың) дәрежесіндегі сөзге ұста, аузы дуалы ел адамы болған. Ел билігі қолында болған, кем кетіктерге қамқор болған. Өзінде жоқ болса, біреуден қарызға алыш, кедейлерге көмектескен. Артынан жүртқа берген борышын өзі өтеген. Ел-дің дау-дамайын өзі шешкен. Болыс болып қызымет атқарғанда Хафіз, Фалымжандар (Абыл) хатшысы болған. 1930 жылдан бастап ел іші ала сапыран болып бүліне бастаған заман туды. Осы жылдары Тары – Қүренайғыр, Бәйімбет (іш жағы) елдерінде қашып барып паналадық. Қазақстанның игі жақсылары, жалғыз бұлар ғана емес, осы Севкрайда паналады. Ол уақытта біздің елді Қазақстан, ана жақты іш жақ, болмаса, Севкрай деп атайдын. Бөтен жерде панауа, сінү оңай емес. Бірақ Қүлжабайдың атағы ертеден ел төнірегіне белгілі болғандықтан, ол жақтағы ағайындар, қарсы алыш, күтіп, үй-лерің де босатып берген. Іш жақтағы ағайындарымыз, қаш-қындарға пана бола білді. Қамқорлық жасады. Сол кездегі пана бола білген зиялды аталарымыздың аруақтары шат, топырақтары торқа болсын дегенип басқа не айтамыз. Елгс 1935-

1936 жылдары оралып келдік. Амал не 1937 жылы «Халық жауы» атымен атальш, еш бір хабарсыз кетіп, дүниеден енші Алла шәйіт болып өткен жазықсыз пенденің бірі.

5. **Әлібаев Қазыбек** немере атамыз 1937 жылы ұсталған. Бала кезіміз, кешке жақын Есілкөлдің екі милиционері келіп ұстайды. Жолдасы Жаңыл Қазыбекке: «қаш, мен осы екеуіне де өзім ие боламын», - деп жалынады. Бірақ әбден қашып, тығызып запы болған ба, сол жолы ұсталып кете барды. Жаңыл шешеміз сондай, алып күш иесі болатын, батыр ана еді. Қазыбек туыстарға қамқор бола білген, мейрімді ер жүрек адам болған. Талай топқа түскен, жауырыны жер иіскемеген, түйе балуан атанған.

6. **Жаныбайұлы Нұрғали** елде дастарқаны мол, қонақ жайлы, қызыметі зоготовитель. Ауданның төрелері, маңайдағы игі жақсылар осы үйде болатын. Сөзге де мығым, ешкімге үпайын жібермейтін еді. Ағайындарға қамқор бола білді. Өзінен кейінгілер сыйлап, айтқанын екі қылмайтын, дуалы ауызды болды. Елдің барлығы, сыйлағандығынан «бабай» деп ат қойып, бабай атанаған кетті: 1982 ж. 82 жаста дүниеден өтті.

Ауылдағы жастары шамалас ағаларымыз: Еслембек, Айтолла, Құндыбай, Сейпіл, Жуан (Жұм-Жұма) Жолаушы, Қасен, Түйкен бұлардан кейнгі буындар: Шери (Шернияздан) Шөмен (Сүлеймен).

Келесі буын: Секен (Сейтбаттал), Оразақ Тыныбасев, Оразақ Сүлейменов, Жұмабек, Қайыржан Жұнысов, Мұқаш, Асқаров Нығымет.

Бұлардың ізбесерлары: мен (Зейнолла), Бейсек, Қасенов Қайыргелді. Біз жоғарға үлкен ағаларға үқсай өстік. Ол кісілер өте бір-бірімен тату, өзілдері жарасымды, ренжуді білмейтін, бірін бірі қолдайтын еді.


Осы жалғасымызды кейінгі жеткіншектеріміз: Қайрат, Қайырбек, Қайырлы, менің ұлдарым Қайролла, Талғат, Толқын, Назамбек, Шеридің ұлдары-інілерім: Асхат, Сайран, Қарман, Санат, Нұрғалидың балалары-інілерім: Амангелді, Жәлел, Мұрат, Әлназиров Қайролла, тағы басқа інілерім бірлікпен, татулықпен, біріне бірі тіреу, сүйеу, қамқоршы бола

білсе екен деп армандаимын. Алла тілегімді қабыл етсін. -
Әумин!

9. **Әкем – Олжабай, шешем – Зейнеп.** 1924-1966 жылдары 42 жыл бірге өмір сүрді. Әкем – адамгершілігі мол, қолы іскер, етік, мәші тігетін, арба, шана жасайтын шеберлігі және ұсталығы бар, ешкімге тәуелсіз, өз шаруасын өзі атқаратын. Ағалары Жаныбайды, Құлжабайды қатты сыйлаған. Есімде қойдың басын, жамбасын дүниеде өзі жемейтін. Ыдысқа құйып, менен – атам Жаныбайға ыстықтай апарғызыатын. Әкем 1948-1953 жылдары шетте болып, аман есен елге келгеннен кейін, Жаныбай атам інісін тосып жатқандай, әкем келгесін 2-айдан кейін, інісінің күн-түні күтімінде болып, ризалығын айтып, маған да шын ықыласымен батасын беріп, 1953 жылы 83 жасында дүние салды. Әкем Олжабайдың діни окуы мол еді. 1966 жылы 72 жасында, рак ауыруынан дүниеден өтті. Елде бір жақсылық болса, болмаса біреу бірдеме әкелсе, балаша қуанатын еді. Бұл кісіде іш тарлық деген мүлде болмайтын. Отес қонақжай болды. Бапам дүниеден еткенде (Кара-Қоғада) маңайдағы, игі жақсылар түгел жиналып, қазамызға ортақ болды. 2-3 күн әңгіме, шариат, ұлағатты сөздер көп айтЫЛДЫ. Жақсының, арты да жақсы болсын деген тілектері де мол болды, әмсес солай болғай.


Шешем – Зейнеп, Қасейін қызы, 1907 жылы туған, жылдың кой. Әзірге есен-саяу 97 жаста. 1924 жылдан 1955 жылға дейін 34 жыл бір кісідей бейнет көрді. Өзім 1955 жылды оку бітіріп келгеннен бастап әке-шешемді жанымнан тастаған жоқпын, ол кейінгі әңгіме.

Құлжабай мен Олжабайдың отбасы 1940 жылға дейін айырылған жок. Осы жылдар ішінде байдың келіні болып айдалу, масак теру, қайнағаларының, абысынының дәрет алатын жылды сүзы, үй шаруасы толығымен, келіп кететін қонақ, бүкіл ауыртпалық есімде, кезім көрді, осы анамның мойында болатын. Колхоздасқан кезде көп жылдар даладағы жұмысшыларға ас пісірді, сауыншы болды. Небір ауыртпалықты бір кісідей көрді. Жоғарғыда көрсеткенімдей 5 жыл әкем шетте болғанда да окуға барыш, оку оқып, адам болуым осы анамның арқасы, ерлігі.

1. БҰЛАН**МҰСАБАЙ**

Ескерту.

1. Құлжабайдың бірінші жолдасы Нұрила (Шери, Құләштің анасы) қайтыс болған соң, Жаныбайдың баласы Самараттың жолдасы Зейнепті Құлжабайға қосады, бірақ ол кісі қайтыс болған соң көкшетаулық Қойлы Атығай:



Алғожа деген кісі, бай болған, байлығы үшін Ақтөбеге 1928 ж. жер аударылған. Алғожаға Мәпи түрмисқа шығады, одан Шария деген анамыз дүниеге келген. Алғожа қайтқасын қайнағасына Әбіжанқожаға Мәпиді қосады. Бұл кісі Қасқат ауылында қайтыс болған, 1934-1935 жылдары. Құлжабай атамыз анамыз Мәпиге қосылып одан (кулке) Құлзира дүниеге келген.

2. Әлнәзір қайтыс болған соң, анамыз Бибіні Есләмбекке қосқан.

3. Бөлеген атамыз Алтын анамыз Өмірзакқызымен өмір сүрген, олардан Жәми деген қыз туады, одан Дәулетхан, бізге жиен, мезгілсіз өмірден өтті, одан Болат деген ұлы бар, Алматыда тұрады. Жаныбай Бөлеген қайтқасын Алтын анамызға үйленеді.

ҚЫСҚАША ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Мен, ұлы атам Басшығұлдың кіндік қаны тамған (Қызылағаш) ауылында 1929 жылы, күз дүниеге келіппін. Тұғаннан жалғыз болдым. Жоғарғыда жазғанымдай шетте болдық. Біздің тұсымызыдағы жастардың өмір тағдыры негізінен бірбірімен ұқсас келеді. Мен өзім бір жасымнан (1930 ж.) конфискацияланаған, шешеммен бірге айдауда болыппын. Шешем Зейнепті, байдың келіні деп тұтқындаған. Содан қашып шығып ел елді, ағаш іштерін панарап сонау Тары деген жерге дейін қашып барып, 1935 жылдар ғана елге оралаппыз. Мектепте оқуға барғанда да, шет қақпай көріндік. Ол уақытта октябрят, пионер болу қандай арман десеңізші. Бізді оған да жолатпады рой, кезінде ол бізге қорлық болып көрінді. Бесінші класқа дейін өте жақсы оқыдым, мақтау грамотасы мен де ғана болатын. 1937 жылдан бастап, зобалаң заман туды. Үлкендерімізді жазықсыз қамауга алыш, елді шулатты, тұған туыстарды бірбірінен ажыратып зар еңіретті. Әрине, барлығын жоғарыға сілтеп Сталиннен көрушілер кездеседі. Десе де, көбіне-көп жергілікті еліміздің шолақ, жалақор, сауатсыз, есерсок, күншіл, арам пиғылды адамдардың өсері көп болды.

1941-1945 жылдың ауыртпалығы, қайда жатыр. Ел аш, жаңаңаш, қайғы-қасірет, қан төгіс майдан. Қанша ер, асыл ағаларымыз Отан үшін белгісіз шет жерлерде жер жастанды. Ауылда хат танитын жан қалмады. Сауаттысы мен ғана болдым. Хатты оқып беру, хат жазып беру менің міндеттімде болды. Көрі-құртандарға көп көмектестім. Ұысты құлақтарын көрсем де көрмедім, олар баталарын аямады. 1943 жылды колхозда учетчик, сосын счетовод болып қызымет атқардым. Ол кезде бухгалтер деп атамайтын. Бесінші класты бітіріп есейіңкіреп қалыш, қолдан куәлік жасап, 1947 жылды зооветеринарлық техникумға түстім. Оқу қыын болыш, лекция, оны жазу, түсіну мен үшін машақат, негіз шамалы. Алтыншы, жетінші кластың есігін ашпаған баламын. Одан шығып он жылдық қазак-интернатының 8-класына орналастым. Бұл да

маған оқай болған жоқ. Ахатов деген математик сабаққа кірісімен-ақ бірден мені тақтаға шығарып, радикал дейді. Радикалдың не екенін, шынын айтсам білмеймін. Балалардан, әсіресе, қыздардан жерге кіргендей үялыш барамын. Үзілістен кейін, Ахатов мені директор Мәті Хусаиновқа мына бала оқи алмайды, деп салсын. Раҳмет болсын Мәті мені қолдап, оқып кеттім. Оған дейін Мәкеңмен келісіп қойғаным бар. Не керек балалармен араласып, үйымдастыру қабілетімнің арқасында кластағы балалар уысымнан шықпады. Класта староста болдым. Ол уақытта староста мұғалімнен кейінгі кластың ішіндегі көмекшісі. Мұғалімдер тусіне бастады, старостаға екі қоймай ма білмеймін. Мен үшін, «үш» деген баға, «бес» сияқты болып көрінеді. Қаланың балалары, елден келгендерге бүйідей тиіп, ұрып, соғып, зорлық жасайды. Окуға мүмкіншілік бермейді. Кейбір елден келген балалар, елдеріне кетіп жатты. Бір күні көшеде келе жатсам, біздің жақтың екі баласының (Сұлтан, Төлеу) өкшелерінен теуіп мазақ қылыш келді. Арттарынан қызып жетіп, қаланың екі баласына қайрат көрсеттім. Байқасам өзімнен асқан ештеңесі жоқ, екеуі де сескенді. Не керек, екеуін де сабап таstadtым. Сұлтан мен Төлеу қашып кеткен. Интернатқа келген соң екеуіне ұрып, бұдан былай ынжық болуға болмайды, бірлесуіміз керек. Әйтпесе, бізге күн көріс жоқ. Оку оқытпайды деп, шешімге келдік. Булаев, Конюхов, Омбы балалары бірінғай, мен «атаманы» болыш белгілендім. Талай тәбелестер болды. Бірақ бұрынғыдай емес, біз үстемдік алдық. Не керек 8-9-10 класты тәбелесіп жүріп бітірдік. 8 класс маған ауыр болды, әрі 6-7 кластың білімінің жоқтығы сезілді. 9-10 кластарда әжептәуір жетіліп орташалау оқушылар қатарына іліктім. 10 сыныпты бітіргесін шешемнің пысықтығының арқасында 1950 ж. окуға жүріп кеттім, ол үйде жалғыз қалды. Мен Алматыға барып «жығылсан нардан жығыл» деген емес пе, орталық ВУЗдарға озық студенттер алады екен, сол конкурске мен де қатысып, үш пәннен бес, бір пәннен төрт, барлығы 19 балмен Москвандың ветеринарный Академиясының Каракулеводческий факуль-

тетіне түсіп, 1955 жылы аяқтап, Фалым зоотехник деген ма-
мандық алыш, өз елім Булаев ауданында зейнеттіке шықанша
енбек еттім. Әңгіме қызметте, немесе қарапайым еңбек адамы
болуда емес, үлкен жүректі, таза азамат болуда ғой.

Алғаш қызымет бабын Возвышен совхозынан бастадым.
Үлкен совхоз, жер көлемі көлемді, мал басы жетерліктей. Сов-
хоз директоры Богинич И.Ф. деген орта жасқа келген адам.
Білімі бастауыш мектептің көлемінде. Бірақ тәжірибесі мол,
беделді, ұстамды, көп сөйлемейтін, аз сөйлесе де, маңызды
сөйлейтін өте дұрыс басшы еді.

Отбасы: Балаларымның анасы, өзімнің жұбайым –
Маргима Сатыбалдықызы екеуіміз 1955 жылы, 3-сентябрьден
бері қол ұстасып, тату-тәтті, Аллаға шукір, жақсы отбасы бол-
дық. Қызымет атқарып жүріп те, зейнеткерлікке шықканша,
үй шаруасынан қолы босамады. Балаларды тәрбиелеу, үлкен-
дерді күту, қонақтарды мейрімділікпен қарсы алыш, шығарыш
салу, мен үйде бармын ба, жоқпын ба барлығы Маргиманың
мойында болды. Үлкен қонақжайлы отбасы болдық. Бұл біз-
дің ата-бабаларымыздан келе жатқан жалғас, дәстүр дейтін еді
әкем марқұм. Қонакқа берсен, есесін алла береді. Мейман өз
ризығымен жүреді. Сөйтіп жүріп сегіз бала өсіріп, әрі тәр-
биелеп, менің де еңбекпен алаңсыз шүғылдануыма да қолайлы
жағдай жасау осы Маргиманың еңбегі деп білемін. Келген
меймандардың аяқ киімдеріне дейін жуып, кептіріп, тазалап
менің мерейімді ұстемдеді. Соның бәріне уақытын жеткізіп,
ерте турып, кеш жатып, отбасына ешқандай кемшілік көрсет-
педі. Отбасының «құты әйел» деген осы. Келген мейманға,
кімге болса да, оғаш мінез, мейрімсіз қабақ, ердің сағын сын-
дырады, берекесін алады. Мұны қыздарыма, келіндеріме үлгі
булу үшін жазып отырмын. Аналарының адамгершілігіне,
қайрымдылығына өздерінің де көздерің жеткен болар. Мың да
бір рахмет айтып, Алладан тілейтінім анамыз Зейнетті,
Маргима екеуімізді, Ауыртпалығымызды біреуге салмай ба-
лаларымыздың, тұған-туыстарымыздың, жолдастарымыздың
алдында дүние салуға жазсын деген тілек.

Құдайға шүкір, тәубә! Өзім жалғыз тусам да, балалы-шағалы, немерелі болдым. Жалғыздық дегенді білмей өстім. Төрт үл, төрт қыз өсірдік. Қазір солардың жемісін көріп, қолқанатымыз болды, күн көрісімізді женілдетті. Құдаға тәубә, жеке-жеке отбасы болды.

Гұлбағиса (Гұлнар) – ең тұңғышмыз, 1956 жылы Воз-вышен совхозында Григорьевка селосында туды. Отбасымыздың ермені болған, ернімізді бірінші жібіткен біріншіміз. Семейдің Технология институтының, мясо-молочный факуль-тетін тәмамдалған инженер-технолог мамандығын алған. Семья-лы, Торғай деген күйеу баламыз, торғайлық азамат, инженер-құрылышты. Бұлардан туған Арман деген жиеніміз бар. Көп жылдар, арқалықта тұрып, қазір 2000 жылы Астанаға көшіп келіп, осында қызметте.

Ботакөз. 1959 жылы Қарағағада туды, оныншы класты осында тәмәмдалған, Петропавлдың пединститутының биология-химия факультетін бітіріп, Болат деген күйеу баламызбен от-басын құрады. Болат – инженер-механик, мамандығымен көп жылдар жұмыс істеп, кейіннен кеден (таможня) жұмысында ойдағыдай қызмет атқарып жүр. Бұлардан туған Аслан, Дәурендер құдайға шүкір үлкен азамат болып өсіп келеді. Әзірге оқушылар, жақсы тәрбиеде. Жақсы азамат бола ма деген үміт-темін, өмсө солай болғай. Аслан, МГУ-дің III-курс студенты, Дәурен II кл. оқиды.

Қайролла. 1961 жылы туды. Бапам марқұм, кереметтей қуанып, Әлібай деген немере ағасы түсінде жілік ұсынып, мынаны Қайроллаңа бер депті. Содан Қайролла деп атын өзі қойды. Ту бие сойып, қызықтап ойын-той жасады. Гүлнар, Ботакөз, Қайролла үшеуін бапам марқұм қызықтап, киізге орап, шанамен ел жаққа қонақтап кететін. Қайролла өскерден келгеннен кейін, Қарағандының Петропавлдағы филиалы Политехникалық институтіне түсіп, кейіннен Қарағандыға ауысып, инженер-автомобили и автомобильное хозяйство деген мамандық алды. Үйленді. Гүлнар деген келініміз бар. Бұлардан Жасұлан және Динара деген ерке, сүйкімді немерелеріміз

бар. Гүлнар келініміз осы институтты бірге оқып бітірген, ма-
ман-инженер.

Талғат 1964 жылы туды. Ол туғанда 10-күндей, төтеген
нәсір жаңбыр болды, ырым еттік, ырысты болар деп ырымда-
дық. Тәубе жақсы отбасы болып отыр. Әскер міндетін өтеді.
Қостанайдың ауыл шаруашылық институтының агроном фа-
культетін аяқтап, ғалым агроном мамандығын игеріп, кейін-
нен органға ауысты. Кейін Петропавл университетінің Зан фа-
культетін бітірді. Қазір полиция қызметкері. Келініміз Жанат
— сауда мамандығын игерген товаровед. Біраз жыл, осы салада
қызмет атқарды. Бұлардан туған Аблайхан, Дархан деген екі
немереміз бар. Тәуба тілегіміз осылардың үстінде.

Толқын 1967 жылы туған. Жастайынан өз бетімен,
спортқа, куреске өуес болды. Мектепте, ауданда, облыста кү-
рес чемпион атағына ие болып жүрді. Әскерге дейін Омбының
радиоетехника-лық училищесін бітіріп, радиист мамандығын
алып, Теніз флотында үш жыл әскери борышын аброймен
атқарып келді. Қарағандының спорт-педагогикалық институ-
тын бітіріп, одан органға (милиция) қызметіне ауысқаннан
кейін, Қарағандының жоғарғы дәрежелі милиция училищесін
аяқтап, үшінші дипломының иегері болды. Шынар деген келіні-
міз бар, мамандығы медик. Алтынай деген (алтынымыз), Ер-
кебұлан деген (еркеміз) бар. Бұлан үлкен аталарымыздың аты,
осы атасындай белгілі азамат болсын деп, мезгесе керек, атын
әкесі өзі қойды.

Айгул 1970 жылы туды. Өте ерке, айтқанынан қайтпайтын
болды. Астанада финансист болып білім алды, ауданда тұр-
мысқа шыққанша, Райфинде қызмет атқарды. Сәбит деген
күйеу баламыз да 1970 жылы туған. Омбының автодорожный
институтының түлегі. Данара, Марлен, Диана деген жиендері-
мізді өсіріп, тәрбиелеп жатыр. Жан-жақты, үлкен ауқатты от-
басы болып отыр.

Назымбек 1972 жылы туды, Арқалықтың құрылымын техни-
кумын бітіріп құрылымшы (строитель) мамандығын алды.
Кейіннен кедеши (таможник) мамандығын иеленді. Жолдасы

Анар келініміз 27 октябрьде 2001 жылы келін болып тұсті. Петропавл есеп-экономикалық техникумын, Қекшетау университетінің экономика факультетін бітірген. Кеден қызметкері болып істейді. Бұлардан Темірлан деген немерем бар.

Гулжанат ең кенжеміз. Арқалықтың учетно-экономический техникумын бітіріп, экономист мамандығын алды. Екінші мамандығы Петропавлда сырт киімін тігетін тігінші мамандығына ие болды. Енді ең соңғы мамандығы Петропавл университетінің бухгалтер-аудит факультетін аяқтады. Үш дипломның иегері. Қазір Халықтық банкінің қызметкері.

Қорыта келгенде үлдарым, қыздарым, күйеу балаларым, үлттып, қызартып, ұят келтірген жоқ. Барлығы да әр саланың қызметкерлері. Мен өзімнің негізгі мақсатым, ағайыным, туған-туыстарымның тату болуларына жан тәніммен айналысқан адаммын. Балаларымды да осы бағытқа бейімдедім. Күйеу балалрымыз Торғай, Болат, Сабит біздің балалармен толық араласып бірінің жоғын бірге іздесіп, жезделі, балдызды болды. Тәубә, барлық балаларым, тығыз туысқандық қатынаста. «Бірлік түбі тірлік» деген, болмаса «бөлінгенді бөрі жейді», бөлінуді құдай жазбасын. Бұлардан тараған он екі немере – жиендеріміз бар. «Немерен, өз балаңнан да тәтті болады» деген қазақтың қанатты сөздерінің дұрыс екеніне көзіміз жетті. Немере-жиендеріме, әмсө бақыт құшағында болуын тілеймін. Таза еңбекте, бір-бірімен тығыз туысқандық, қатынаста болса екен деймін. Мен балаларымның және кіші ізбасар туыстарымның елін, Отанын сүйіп қызмет етуін, жақсы жұмыс істеп, жаман істерден аулақ болуын қалаймын.

Бірлікті, туысқандықты қатаң ұстап, адамдарға пайдалы іс істеуді, кездескен адамдарға қол үшін беріп, қуанта білурерін тілеймін. Рухани, сана-сезімдерінің жоғарғы деңгейде болуларын, инабатты, парасатты азамат болуларын тілеймін. Ата-аналарын, үлкендерді сыйлап, әрдәйім сый-сияппат көрсетуін қалаймын. Бұған қоса қыз келіндерімнің ата-енелеріне, ерлеріне, қарсылық мінез көрсетпеуін, балаларын жақсылыққа тәрбиелсуін, ерте тұрып, кеш жатуды әдетке айналдыруын

қалар едім. «Атаңа не қылсан, алдыңа сол келеді», «Баталы үл арымайды, батасыз құл жарымайды», «Батаменен ер көгереді, жаңбырменен жер көгереді» – деген қанатты сөздерді естен шығармаулары керек.

Ер жеттік, құдай қолды жеткізді, тілекті берді. «Құданы құдай қосады, үйірі бөлекті ноқта қосады» деген құдая тәубе, құдандалы үрпакты болдық. Құдаларымызды құдайдай сыйлауга, оларды өзімізден де дәрежелі ұстауға тырыстық. Еш бір сөзге келіп, қабақ шытысып реніш болған емес. «Сөз қуған пәлеге жолығады, бірлік сақтаған қазынаға жолығады» деген қайда. Кешірімді болуға тырыстық. Екі жағымыз да балаларымыздың отбастарына араласып көргеніміз жоқ. Мүмкін, балаларымыз, өз отбастарын дүрыс ұстап, көнілімізден шыққандақтан да болар. Бұлардың да үрпактары өздеріндегі жақсы тұрмыс, ұзақ бақытты өмір сүрулерін тілейміз. Әмсеке, құдаларымыз балаларының, немере-шеберелерінің қызығын көріп, бақыт құшағына бөленсе, қандай ганибет. Мезгілсіз ажалдан, қауып-қатерден тысқары болуларына тілекtespіz. Осы шежірені, еріккеннің ермегі үшін, жазып отырғаным жоқ. Біздің тұстағылар қазақ тарихын, әдет-ғұрпышын, салт дәстүрін жете білмей өстік. Ата-тегімізді құнғірткі деңгейінде білдік. Жалпы жақыншылықтарын білгенімен, қандай дәрежеде туысқандықтарын шала сезіндік. Жалпы ата дәстүрімізде, жеті атасына дейін бір-бірімен қыз альп, қыз беріспеген. Мұндай таза қандықты сақтау тек қана біздің, асыл қазақ халқындаған десем артық болmas.

1954 жылдан бастап, елімізде тың көтеру деген үранмен, елімізге шеттен қанша басқа үлт өкілдерін өкелді. Қазақ халқы есептеулі аз болдық. Қазақ мектептері тегіс жабылды десем артық емес. жастарымыз орыс мектептерінде дәріс алып, ана тілінен мұлдем айрылып қала жаздады. Осының барлығына қысқаша шолу жасау себебім, біздің сол кездегі адамдардың жоғарғыдағы жазылған жақсы дәстүрден айрылуы де сезінеміз. Қызметке қазақ мамандарынан алу кезінде де пайызбел есептеп, оның құрамын асырмады. Жалпы совет

Үкіметі жаман болды деуден аулақпын. Совет үкіметі тегін білім берді, тегін емдеді, мәдениетімізді көтерді, қарандылықтан көзімізді ашты. 1961 жылы мені Алматы облысының Іле ауданына техникумның директоры болуыма министрдің келесімі болды. Үй мәселесі шешілді. Бұған қолдау көрсеткен Іле ауданының бірінші хатшысы марқұм Талғат Тегісов деген үлкен азамат еді. Бұрын Қарағанды облысында Облисполкомның бірінші орынбасары, кейіннен ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары қызметтерін атқарған. Бірақ мақсатымды орындай алмадым. Әкем мен шешенің жалғыз ұлы болған соң, тастап кете алмадым. Бізге рұқсат еткенімен, елдең бірге алып шығуға қимадым. Бізben еріп баруға да келіспеді. Міне, осылай болашақ өз карьеріме, өзім тұсау болым гой деп ара-тұра өкініш білдірдім.

1991 жылдан бастап, жеке егеменді ел болып шаңырақ құра бастағанда да, ірі қателіктеге де ұрынбай қалғанымыз жоқ. Жалпы жекешелендіру ұранымен, колхоз, совхоз, завод, фабрикалардың тағы сол сияқты, барлық саладағы басшыларга бақылаусыз еріп, орталықтағы көптің сабактаң, еңбекиен жиған мүліктерін талан таражға салып, елдегілердің халін өлсіретті. Мал тегісінен құрытылды, мал қораларын жойып жіберді. Елдегілер ауыз су, жарық, емхана, мектеп, кітапхана, клубтардан айрылып қалды. Автобустар тоқтатылып, ел қатынасы қыындалды. Жол тазалайтын мекемелер өлсізденді. Елдегілердің ауылдан қалаға көшуі кең етек алды.

Орталықтағы малды, техникаларды, құрылыстарды барлық саладағы байлықтарды сатып, ойларына келгендерін жасап, қазіргі шенеуніктер байыды. Үкімет жағынан ссскеңіс болған жоқ. Жең ішінен, қол беріп, бірімен бірі масайрасты. Өкініштісі, ренішін айтатын халықтың жері қалған жоқ. Булаев ауданының он үш совхоз, екі колхозында 60 мың қарамал, оның ішінде 20 мың сауын сиыры, шошқа 56 мың, қой 30 мың, 4300 жылқы болған. Жылына 35-40 мың тонна сүт, 7500-9000 тонна ет өндірлетін, 2600-2700 кг әрбір сауын сиырдан сүт сауылатын, 18 мың бұзау, 40 мың торай, 500-600 құлын алатын.

Міне, осының бәрінің көзі жойылды. Құнарлы жерлерді, жаңа техникаларды өздерінің меншігіне айналдырыды. Міне, осындағы басшы-ұрыларға үкімет жағынан тежеу болған жоқ. Тәменгі басшылар мен жоғарғы жақтағылар сыйбайлас жемқорлыққа көшті. Еңбексіз, негізсіз байлыққа кенелгендер мен зар илеген жұмыссыз кедейлер, қайыр сұрауышылар етек алды. Ұрлық, қорлық, тонау, кісі өлтіру, зорлау көбейді. Тарихқа сүйенсек, елге қиянат жасаған азғын басшылар еш қайда бармас, олар да бір кездері сазайын тартар. Заман өзгерісі туды. Кейінгі өрбіген жастарымыздың бізден өлде қайда зерделі болуына мол сенім бар. Болашақ сіздердің қолдарыңызда. Қазір жас жеткіншектер қазақ тарихын терең оқып көздерін аша бастады. Біз болсақ, өткен тарихымызды білмей өстік, оқытпады, тек совет стилінде ғана омір сүрдік. Қазір копшілік жастар мешітке барып, дәріс алыш, намаз оқып, мұсылман-дыққа бет бұрганын көзіміз көріп жүр. Бұлардың да, енші алла дінге деген құмарлығы, білімділігі бізден өлде қайда ілгері болмақ. Компьютерлердің озық мүмкіншіліктерден жүрдай болдық. Ол біздердің кінәмізден деп ойламаңыздар. Сол кездегі оқу білімінің орісі осылай болатын. Мұндай, бастан кешкен кемшіліктер, саясаттың қиянатынан деп есептейміз. Осының бәрін қысқаша қорыта келгенде, менің де сіздерге қалдырган үлесім болсын деген ниет. Кейінгі үрпактарымыздан үлкен болашағы зор ғалымдар, әдебиетші, жазушылар, тарихшылар, зерттеушілер шығатынына сенемін. Сол кезде мұны жалаң шежіре деп үқпай, тарихи дерекке пайдалану үшін жазылған туынды. Мен өзімді, Аллаға шүкір бақыттымын деп санаймын. Қоңтеген жақсы адамдармен қызыметтес, табақтас болып ақыл кеңес, үлгі алдым. Отан соғысының батыры Қизатов Жолел, ауданның бірінші хатшысы болған социалистік Еңбек Ері Төлебеков Қасым, облыс басшысы Жақсылық Исқақов (мектепте бірге оқыған) тағы да басқа үлт өкілдерінің басшыларымен қызметтес болдым. Тәлім тәрбие алдым, адал қызмет атқарып, үлкен сенімде болдым. Бұлар маған қамқор бола

білді. Тұыс-жолдастардан Анафинов Латып, Мусин Серік, Бекмағанов Кәкен сияқты сауатты, екі тілді жақсы менгерген, ауыртпалықты бастаң кешкен, аяулы азаматтар еді. Жас қыршындар дүниеден ерте көз жұмды. Кейінгі отбастарымыз араласудамыз. Біз алдамшы тұыс, жолдастар емес едік. Әрине, селдіреп қалдық, ол табиғаттың, өмір заңы. Қазір өзіммен тетелес бірге ойнап әзілдесіп, туыстай болған жолдастарым баршылық. Олар Дүйсенбай Айтжанов, Болат Сағындықтар. Олардың орынды әзіл-калжындары мені қанаттандырыды, еркелетті, мейірлендірді. Барлық сырымыз, сыйластығымыз бөрі ортақ болды. 40 жылдан астам қызметтес, жолдастық кезімізде де сен десіп көргеніміз жоқ. Жолдастыққа өте адал, азаматтықтарын жоғары ұстап, туларын тәмен түсірмеген азаматтар. Өзімді, кейде өлтіріп, кейде тірілтіп, сырттай да, көзімше де «Жамандап» – жүретін замандасым Жоламан Сақыпкереев нсге тұрады. Өмірімде жаман, теріс пікірдегі адамдармен жолдас-жора болып көргенім жоқ. Теріс ниетті адамдардан қаштым, жақсылармен жанасуға тырыстым. Өмірім еш болған жоқ. Жақсы жолдастарым көп болды, әлі де бар. Оларға деген тазалығым, сүттей ақ, сезімі әлі де мәңгі сакталмақ. Олар да, балаларының, үрпақтарының қызығын өмсө көре берсін деген тілектемін. Бір қасиетім, адамдарды көргенде, бірден жүріс тұрысынан, қимылдынан, сөз ыңғайларынан аңғара білдім. Не айтайын деп тұрған ниеттерін де сезіндім. Еш уақытта, рушылдыққа баспадым. Қай ру болса да, қай жердің азаматы болса да туыстай көріп бауырима тарттыйм. Одан үтпасам, ұтылмадым. Жасында жасаған жақсылық, жамандығы ор пендениң алдынан шығатынын көміл сенімде ұстап, осы қағида-мен өмір сүрдім. Елге қиянат жасағандар бұрын да болған, қазірде жоқ емес. Бірақ солардың өздері де, кейінгі үрпақтарыда онша оңалып кеткен жоқ. Құншілдік, қараниеттілік кімге керек? Күпіршілік, мансапқорлықтан шошындым. Ешбір пендеге қиянат жасамауға тырыстым. Қиянат жасамақ түгілі, біреуге жамандық ойлауға қорықтым. Кейінгі үрпақтарым, туыстарыма кссірім тимесін деген ниетпен. Өз басымнан көрі,

туыстарымның қамын, намысын көп ойладым. Кей кездері, олардың орынсыз сөздері де намысыма тиетін еді. Өз басым артық сөзден қашқақтадым. Бірақ ыстық қандылау болдым деп ойлаймын. Пенде болғасын, кемшіліксіз болмайды. Ол елдің, ағайынның, жолдастарымның бағасында болсын. Үлкен тұлға, ақылды болдым деп, айта алмаймын. Бірақ, үлкен-кішілер сөзімді тыңдал, сыйлаған тәрізді сезіндім. Сол үшін де оларға алғысымды айттар едім. Туған туыстарыма, қамқор болғым келді. Азды-көпті пайдам да тиген шығар. Жан ашырлықпен қатты, жұмсақ та айттым. Қатты айтсам, кешіріп түсінер деп ойлаймын. Шын жан ашыр, қатты айтқанды түсінеді. Күле сөйлеген дүшпанның ісі.

Мен туралы «Жырымен жұртын оятқан» деген Мағжан Жұмабаевтың шығармашылық хақында Бақытқамал Қанарбаева. Сары арқаны сағындым «Ақиқаты осы еді» деген жазуышы Жайық Бектуровтың, Ерік Асқаровтың т.б. кітаптында мен туралы жазылған, естелік қалдырылған.

Мен де жетпістің желкесіне мінген аталарыңмын. 15 науябрь 2000 жылы, балаларым, күйеу балаларым, қыздарым, інілерім бас қосып, менің жетпіс жылдығымды, жылқы сойып, 150-дей азаматтарымды, достарымды, туғандарымды жинал ресторанда, үлкен көделі той өткізді. Мағжан Жұмабаев ауданының совхоз директорлары қатысып мерейімді үстем етті. Балаларыма, інілеріме үлкен алғысымды білдіремін. Маған жасаған сыйлықтары өздеріңнің алдарынан шықсын. Балаларыңның қызығын көріп үрпақты болындар деген батамды арнаймын.

Әзірге, тіршіліктемін, өсиет айтып жатқаным жок. Қазір жетпістің қырынан астым, алда сексен алла жасса. Дағдырды бір алла біледі. Алда бір ажалдың бары анық, күмәнсіз. Бұл шежіре болашақ үрпақтарға ескерткіш болсын деген ииеттен туды. Кейінгі сіздер – мұлдем, өткендерін білмей қалама деген қауыптен туған, жанашырлық деп түсініңдер. Кейінгі үрпақтарыңды өздерің жалғастыра берерсіңдер. Жалғасын үзіп алмай жалғастырады деп сенемін – бұл аманат. Үлгай-

ғанда керектігін түсінесіндер. Бұл жазба кейінгі Батыр Баян үрпактарына арналған толық, анық шежіре – бұл ақиқат ауыт-кымандар. Үрпақты болып жақсы салауатты өмір сүрулерінді, отбастарыңың үйымшылдығын, таза қанды, жігерлі, на-мысқор, туысқандық сезімдерің мол болсың - Әумин.

Жеті атасын білген артық емес, білмейтіндерге түкте емес.

Компьютерге теріп беттеген менің жиендерім Аслан, Дәурен Болатұлдары – Нұржан Сәрсекеев тегі. Руы Керей, Керей ішінде Дәулетімбет. Бұлардың сәбілік еңбектері мол. Бұларды да нағашы жұрттымен таныстыруға ниет қылдым. Аслан, Дәурендерге дүниенің бар жақсылығына бөлснуйіне, аталық – ақ батамды арнаймын.

Білгішсініп, жазды деп сөкпеңіздер. Бұл еңбек кейінгі сіздер үшін, жасаған аталық борышым.

1949-1950 ж. ПЕТРОПАВЛ ҚАЗАҚ МЕКТЕБІН БІРГЕ БІТІРГЕН ЖОЛДАСТАРЫМ

1. Аманбаев Зейнолла
2. Әуешов Төлеу
3. Габдуллин Садық
4. Жанрахимов Әміржан
5. Жаманбалина Бибінұр
6. Какимов Рашит
7. Қажғалиева Мамыр
8. Қасенова Файнижамал
9. Қадырмин Фалымжан
10. Малдыбаев Айтмұхан
11. Мендыбаев Мұрат
12. Мұрзагелдина Зура
13. Нұралин Некеш
14. Олжабаев Зейнолла

15. Рамазанов Еслям
16. Сапаров Сұлтан
17. Садвақасова Қадиша
18. Сыздықова Фая
19. Хусайынов Сәкен.

Көбі дүниеден отті, қазір төртеу ғана қалдық. Барлығымыз да бір баладай болып өстік, тату болып бір-бірімізге қол үшін беріп едік.

ЕЛГЕ СЫЙЛЫ ЕСІМДЕР

Қалындығы екі еліге жуық шежіре кітапты өрлі-берлі парақтаймын. Кім де болса көздің майын тауысып, тірнектеп жинағаны көрініп түр. Тасқа басылған жазулар тарих қойнауынан сыр шертіп, санадан өше бастаған жәдігерлерді қолмен үстаратқандай болады. Орта жұз, оның ішінде Уақ-Шоғадан тарайтын Батыр Баян ат ойнатып, атой салып, қалың жаужонғарларды түре қуып бара жатқандай көрініс елес береді. Шежіре кітапта Керей, Уақ, Қарауыл, Кожа, т.б. жөнінде де бүге-шігесіне дейін тәптіштеп таратылыпты. Шежіре – тарих деген осы!

- Ондаған жылдар бойы көне көз қариялардан, ел ішінен тірнектеп жинап, қойын блокнотыма жаза беріппін. Кейін байқасам, қомақты болып қалыпты. Сосын «ғылыми еңбек» ретінде қайта түзіп, саралап, сараптап, тұжырым жасап шықтым, - дейді шежіре-кітаптың авторы Олжабаев Зейнолла ақсақал.

Білгенге, шежіренің түп-төркінінде үлкен дау-дамай түр. Қазақ айғайсыз жүрген бе? «Мениң атам қайда, ана атамыз не-гс үмыт қалған?» деп жанжалдасуға бейім. Сейтіп, қасықтап жинаған дүниені шөміштеп қотара салулары оп-оңай. Зекен шежіре жинаумен кеңестік дөүірден бері айналысып келеді екен. Соның бірі – біз сөз еткен жоғарыдағы жәдігер.

- «Жеті атасын білген үл жеті жүргіттың қамын жер, өз ата-

сын білген ұл құлағы мен жағын жер» демекші, дүниеден өткен бабалар жөнінде қысқаша тарихи шолу жасау көнтсөн бері ойластырып жүрген мақсатым еді. Кейінгі үрпақ үшін азмаз мұра қалдырсам, бір көдеге жараса, мандай тердің акталғаны. Бұл, бір жағынан, өзімнің өмір өткелдерім хақындағы ой-толғаулар іспеттес. Қалай десек де, жастарға тағылым, бағыт болар деген игі ниеттен туып еді, - дейді Зекең ағынан жарылып. Оның жүрек түкпірінен төгілген ұлагатты, тәрбиелік сөздер кешегі мен бүгінгінің жөне келешектің аражігін жалғастырып тұрған «алтын көпір» тәріздес.

Зейнолла ақсақал Батыр Баянның алтыншы үрпағы болып саналады. Сыпайы да сырбаз, парасатты қасиеттері батырдың тегі дегізгендей. Мына бір оқиғаны Зекеңмен талай жыл қызметтес болған, сыралғы інісіне айналған Сагындықов Болат ағамыздың әңгімелеп бергені бар.

- Аузында түйеден түскендей сөзі жүретін бір ақсақал әлде бір жиында Зекеңе оғаштау сөз айттып қалады. Зекең көпшіліктің алдында әдең сақтап үндемейді. Былай шыға, женіл көлікпен әлгі ақсақалды қуып жетіп, ылдым-жылдым қымылмен кабинадан сүйрегендей алтып шығады. Не керек, сөзбен өлтіріп салады. Мен Зекеңнің осындағы намысқойлығын, қызуқандылығын бірнеше мәрте көрдім. Намыстандырма, ондайда жалаңаш барып, жауға шабатын ер. «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» деп атамыз текке айтпаса керек. «Сынықтан басқаның бәрі жұғады» деген сөз бекер емес. текті адам тегіне тартпай қоймайды, - дейді Бекен.

- Менің ұлы атам Басшығұл болыс болған, әділдігімен, шешендігімен, қайырымдылығымен аты шыққан. Оның ұлы Құлжабай да дуалы аузымен елді қаратқан, болыстықтың буына піспеген. 1937 жылы «халық жауы» атанып, үсталып кетті, - дейді Зекең өткеннен әңгіме қозғап.

Бұл зобалаң тал бесікте тербетіліп жатқан бір жастағы сәбиді де айналып өтпепті. Топалаң болып тиіп, бүйі болыш шаққан. Зекеңнің өмір тағдыры аумалы-төкпелі заманның келбетін көз алдыма елестетті. Анасы Зейнеп «байдың келіні»

ретінде тұтқындалып, емшектегі сәбимен тәркіленіп, жер аударылыш кете барады. Аз үйлі шоғыр Түмен облысының Тары деген жеріне қашып барып, жан сауғалайды, сөйтіп аман қалады. Кейін ес жиып, етек жапқан соңғана ел жаққа оралады.

Зейнеп өжейдің жалғыз қараашығы үшін шығар жаны бөлек. Жұзден асқан кейуана жетпістегі «жеткіншегін» әлі күнге дейін «құлымымда» айналып-толғанып отырады. Қанаттыға қақтыр-май, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірді. Оның табанына кірген шөгір менің маңдайыма қадалсын деп жатса да, тұрса да құдайдан тіледі. Жолдасы Олжабай «бір қаш бидай үрлады» деген жаламен жазықсыз жазаға ілігіп кете барды. Марқұм адап жүректі, ақкөніл, ескіше окуы мол адам болатын. Тағдырың осындаи соктықпалы кездеріне Зейнеп өжей ауыртпалықты қайыспай көтере білді.

Зекенің сырлас інісі Бекенен сыр суыртпақтаймыз.

- Зекең бір атадан жалғыз болса да, «жалғызыбын» деп айтқан емес. Өйткені, өмірде дос-жарандары өте көп. Бірі ағасында, бірі інісіндей, бірі туған бауырында болып кеткен. Жалғызыратпады. «Өзі жақсы кісіге бір кісілік орын қайтсе де табылады» демекші, Зекең —көптің адамы.

Елуінші жылдары Алматыға оқуға түсү – шөл даладағы мұнарланған алдамшы сағымды қолмен үстап аламын деumen бірдей. Ал Зекең айды аспаннан бірақ шығарды. 300 талапкердің арасынан сүрінбей өтіп, Мәскеудің мал дәрігерлік академиясының студенті атанды. Сондағы анасының есі шыға қуанғанын өлі күнге дейін ұмытпайды. Бес жыл оқып, елге фалым-зоотехник болып оралды.

Содан бері туған жер құшағынан тамыр үзген емес, тағдыры да, қуаныш-қызындығы да ортақ. Көп жыл басшылық қызметтер атқарды. Абырай-құрметке бөленді. Еңбек демалысына шыққанға дейін Булаев аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары болып істеді.

Тагы да Бекенді тындалап көрелік.

- Зекең іскер, ұйымдастырушылық қабілеті қарымды, білімді. Мен оған «Булаев ауданының бас малишесі» деп

қалжыңдаймын.. Неге десеңіз, мал шаруашылығын бүгегіншігесіне дейін жетік біледі. Алайда, іскерлігі, қабілет-қарымы ескерілмеді. Жасыратын не бар, ол уақытта ұлттық қадрлар көбіне-көп көзден таса қалды, шеттетілді. Сол кездері тұтас қазақ ауылдары солақай саясаттың құрбанына айналды. Зекендер де – солардың бірі. Әйтпесе, кез келген басшылық қызметке лайықты еді. Мәселе, атақ-манаспта емес. десек те, көңілде бәрібір өкініш табы қалмай қоймайды.

Ең бастысы, Зекен – облыстағы сыйлы азаматтардың бірі. Көпшілік сыйлайды, құрметтейді. Бұлай мойындана білу де – тектіліктің белгісі. Әсіресе, жолдас-жоралары, жерлестері «Өзіміздің Зекен» деп сыртынан иемденіп, абырой-беделін аспандатыш жатады. Бұдан асқан қандай марапат керек?!

Бір жасында «тәркіленіп», маңдайына октябрят, пионер секілді құрметті сапта болу «бақыты» жазбаған Зекен бүгінде жетпістің төрінде нық отыр. Фасыр жасаған анасы бес уақыт намазында Батыр Баянның үрпақтарының амандығын тілеуден жаңылған емес.

- Немере, шөберелердің қызықтарын тамашалап отырмын. Менде енді не арман бар дейсін? – дейді тамырын тереңге жайған мәуелі бәйтерек іспеттес отбасының алтын діңгегі.

Зейнолла ақсақал мен Марғима апайдың бір шаңырақ астында тату-тәтті жарастықпен өмір кешіп келе жатқанына 48 жыл толып отыр. Сүттей үйіған отбасының ырысы да, берекесі де – Марғима апай. Олар 8 үл-қыз өсіріп, оқытты. Қүйеу балалары мен келіндері де жоғары білімді, түрлі салаларда жемісті еңбек етеді. «Әке көрген өк жана, шеше көрген тон пішер» дегендей, шеттерінен ибалы, тәрбиелі, ынтымактары жарасқан отбасы тұтқаларын үстап отыр.

Зекен жеті белеске жеттім ежен деп қол қусырып қарап отырған жоқ. Қоғамдық жұмыстардың бел ортасынан әркез көруге болады. Булаев ауданына ұлы ақынның есімін беру жөніндегі шаралардың жуан ортасында жүрді. Ауданда жаңа мешіттің ашылуына белсене атсалысты. Батыр Баянның есімін өспеттеуді ұмытқан емес. Бүгінде жастардың бойына иманды-

лық, адамгершілік дәндерін егумен айналысып жүр.

Елдің құрметіне бөленген адам нардың жүгін де қайыспай көтереді деген рас-ay!

«Солтүстік Қазақстан»

Ө. ДӘУЛРҰЛЫ

БАҚЫТ ҚҰШАҒЫНДА

Редакцияға кіріп келіп жарқылдаپ амандастып, хал-жагдайымызды сұрап, газеттің ыстық-сұрығына тілеулемес, жанашыр көңілмен, жылы сөзімен көкірекке нұрлы сөule үшкының сыйласп кететін жандардың бірі Зейнолла Олжабаев ағамыз осы жолы асығыс кейіппен:

- Шешей елге жүруші еді, - деді кабинеттен шығуга айналып. Қолында өзі редакциядан жаздырып алатын «Солтүстік Қазақстан» газеті.

- Осы қыста ма? Жол алыс қой, - дедім.

- Қыста да елге барғысы келеді, ағайындарын көргісі келеді.

- Зеке, шешей тоқсанның тұсында шығар, жол алыс емес не? – дедім Зекеңнің өзінің жетпісті алқымдаپ қалған жасына орай шамалап. Ол күлді.

- Биыл жұзге келеді.

- Той сізде еken ғой. Неге үндемейсіз, айтпайсыз? Шешейдің суретін газетке берейік, шешейдің бүгінгі үрпаққа айтар сөзі бар шығар?!?

- Қарсылығым жоқ. Ол кісінің төлкүжатында 1900 жылы 8 наурызда туған деп жазылған.

Ол кезде дәл туған күнін кім жазып жүрді дейсіз, әйелдер мерекесі, әйелдер тендік алған күн деп жазылған ғой, сірә. Жұзге келгені анық. Жиырма екі жасымда тұрмысқа шықтым, жиырма тоғыз жасымда сен тудың деп айтып отырады.

Зейнолла Олжабаев облысқа белгілі адам. Ауыл шаруашы-

лығы саласында көп жыл басшы қызметте болып, құрметті еңбек демалысына шыққанға дейін Булаев аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары болып істеді. Баян батырдың үрпағы. Ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың, Батыр Баянның есімдерін есте қалдыру жолында жоғары билік орындарына, Қазақстан Республикасы Фылым академиясына, Қазақстан Жазушылар одағына хаттар жазып, хабар салып ел тарихындағы елеулі кезенде туған топырақтың туын көтерген ұлы перзенттерді ұмытпау жолында «жарғақ құлағы жастыққа тимей» жүрген жан.

Зекең соңғы бірер жылдан бері қалада тұрады. Шешесі қолында. Мир көшесінің бойында Пионер аялдамасынан қарға адым жердегі бес қабатты үйдің үш бөлмелі пәтерінде еken. Жұз жасаған Зейнеп әжейді бір ғасыр ғажап тойымен құттықтап суретке түсіріп алдық.

Ия, жұз жасаған адамға қойылар сұрақтар көп болары анық. Бірақ біз әжейді ондай ретсіздеу сауалдармен мазаламадық. «Қалай ұзақ жасадыңыз? Оның сыры неде? Не іштіңіз? Не жедіңіз?» деген тәрізді сұрақтарды жүзге жеткен жандарға жаудырып жататынын баспасөзден оқып жүрміз. Мен өзім ондай қызығушылықты дәл осы тұста ретсіздеу көрдім. Өйткені, осы үйдің дастарханынан дәм татқанымызда жұз жасап шөгіп бара жатқан ескінің көзін көре алмаған едік. Креслоның үстінде алдына жайған шүберектерін өлшеп, жазып, қолына оймақ, ине ұстап әжей отыратын. Көзілдірігі де жоқ. Құлағы да сак. Қасына шырмалып кішкене балалар үйір.

Зекеңнен сөз сабактаймыз. Бұл кісілердің атамекені қазіргі Булаев ауданы Арапағаш ауылы, бұрын Келтесор, Басшығұл ауылы деп аталған еken. Енді Арапағаш ауылы да жоқ. Түсініктірек болу үшін «Қарағанды» кеншарының жері дейік. Ол кеңшар да құрыды ғой қазір.

- Менің әкем Олжабай мен оның ағасы Құлжабай әлді отбасынан шыққан ағайынды еken, - дейді Зекең. – Олардың әкесі Басшығұл Мағжан Жұмабаевтың әкесі Бекенмен болыстыққа таласқан. Осы бір ауыз сөздің өзі кеңес өкіметі

түсінда біздің отбасына қандай қасірет әкелгенін енді түсіне беріңіз. «Байдың баласы» деген қара таңба бізді біраз сорлатты. Құғын көрген бай балалары қашқаны белгілі, біздің екі үйдің отбасы Түмен облысының Тары ауданына қыста көшіп барып, қалың тайғаның ортасында сақылдаған сары аязда үй салыпты. Бізben бірге Мағжан Жұмабаевтың ағасы Қаһарман-ның отбасы болыпты. Бірте-бірте кейін елге жақындалап келдік. Құлжабай 1937 жылы халық жауы болып сотталып кетті.

Шешем колхозда сауынши, аспаз болды. Халықтың басына түскен ауырлықты бұл кісі де бірдей көрді. Еңбек етуден бір ерінбеді ғой. Бір қабақ шытпайды, салпақтап жүре береді ғой. Мен жалғыз бала болдым. «Көзінің қарашыныңдай сақтап, тек оқытсам, жетілдірсем» деп жүрді шешем. 1950 жылы Мәскеуге мал дәрігерлік академиясына окуға түстім. Бес жыл тапқан-таянғаның маған жіберіп тұрды.

- Ұзақ жасаудың өзгеше сырды жоқ шығар? – деймін. Зекең мен Мағрима женгей бір-біріне қарайды.

- Қазақтың отбасында ешкім де бөлек, айырықша та-мақтанып, бөлек күтініп отырмайды ғой. Не көрсек те біргеміз. Тек, бұл кісі бізден гөрі бейнетті көп көрді. Сол бейнет шындаған шығар. Еңбек шындаған шығар, - дейді Зекең.

- Сол бейнетін, көрген қорлығын айтып жылаған, өксіген жан емес, - дейді Мағрима женгей. – Балаларын, немерелерін, шөберелерін құшақтап, сүйіп, қуаныш отырады. Жүйесін жүқартып жоқ нәрсеге ренжіп, күйіп-піскенін көрген жоқпын. «Зекіжан тамақ ішті ме, Зекіжан қайда? Зекіжан неге кешікті?» деп мына жетпістегі Зейнолланы көзінен таса қылмай ізден отырады. Мына Зекенің жолдастары көрінбей кетсе «Жоламан қайда? Жұмабек қайда? Олар неге көрінбей кетті? Неге шақырмайсындар?» деп тағы қыбыжықтайды. «Олар енді келмейді» деп өдейі қаттырақ айтсам «Тек!» деп шошып кетеді. «Көрі кісі де бір бала» деген рас екон. Кейде өзіміз әжемізді өдейі сөйлетіп, күліп отырамыз.

- Мен «Қарақоға» кеңшарында бас зоотехник болдым, - дейді Зекең. – Сонда осы аудандағы ағайындар өтіп бара жа-

тып та, кетіп бара жатып та бір соқпай жүрмейді. Үй толы кісі болады. Келіні жұмыста. Сол кісілерге қонақасы беріп, риза қылыш жөнелтіп жататын осы шешей. 85 жасқа дейін қора толы малды жайлап алатын да, тәлдерін күтетін де осы кісі болды.

- Құдай өзі сақтап жүрсін, апам осы жүзге келгенше, - дейді Марғима женгей, - дәрігерге, ауруханаға барған, дәрі-дәрмек, укол алған жан емес. тілім тасқа, аман болсын. Түйтіндең шаруа істеуден бір тынбайды, қазір өз кірін өзі жуады, шай қояды, өз тамағын балаларымен бірге істеп ішे береді. Таза ауаға шығып есік алдында отырады.

- Жаз болса көбіне елде болады, - дейді Зекең. – Жақында қыста бір барып қайтты. Екі балам Булаевта тұрады, өз алдына отау. Солар сағынып шақырып жатады. Қыста өзір жібермей отырмын.

- Он төрт немере, шөбересі бар. Мына алдында отырған екі жасар шөбересі Алтынай өзін бір елі босатпайды. Намаз оқы, шай іш деп әжесін жетелеп жүргені. Балаіардың әженің айналысЫнан шықпай үйіріліп жүргені әже жүргесінің жылуындағой деп ойлаймын. Бәрі осы кісіге ұмтылып тұрады. – Марғима женгейдің әр сөзінде осынау ұлы әженің ұлы қасиеттері сүйіспеншілікпен дәттеледі.

Ия, алтын үяның алтын діңгегі болып жүз жасаған осындағы асыл әжелер қатары көбейе берсін дейміз. Бір гасырдың тұтас көрген Зейнеп әжей әлі де жасай берсін, үрімбұтақтарының қызығын көрсін.

- Елім, жерім аман болсын, елімді, жерімді көркейтетін халқым аман болсын, - деді Зейнеп әже.

**«Солтүстік Қазақстан»
Б.МҰСТАФИН.**

ЖЕЗДЕМ ЖЕТПІСКЕ ТОЛҒАНДА

Жұз жасқа жету беріліп қойған сертім деп,
Жалғаның көшіп жалыны менен өртіне көп,
Зейнеп әжемнің Зекіжан атты жалғызы
Шалдықпай, талмай жетпіске жетті желпілдеп.

Олжабай атам өмірге екен бір талы
Жетпіс жыл бойы өмірдің өнін шырқады.
Атаның атын абырайменен көтерді,
Батыр Баяндай алдаспан елдің үрпағы.

Соғыс жылдары жауменен тылда алысқан,
Молотилка айдал, өгіз жалына жабысқан.
Соғыстан кейін окуын жалғап үзілген
Төртінші кластан сегізіншіге ауысқан.

Тылдағы тірлік – тандайға дәмі татыған,
Қалмайыншы деп шылауында оның қапыда.
Ауылдастарына Атабайды көру мүң болған
Заманда сонау Мәскеуге барып оқыған.

Тимирязевтің академиясын бітіріп,
Білегін түріп, алақанына түкіріш.
Шақырсадағы Алматының бұрылмай
Ауылға келген елім отыр деп күтініп.

Бақыты жаның Марғима тәтемді алғасын,
Өмірі тапқан бұлжымайтүғым арнасын.
Басшығұл болыс шаңырағының тірлігін
Тәтемнен туған төрт ұл мен төрт қыз жалғасын.

Алдынан тарап келелі топтын алқасы
Қайда барса да құрметтеп тұрар ортасы.

Жігіттей жайнап жетпіске жетсөн, жездеке
Барлығы соның – менің апамның арқасы.

Әділетінің ауытқымаған безбені
Өзінен бұрын туралы ойлап өзгені.
Көңілденгенде балалай мәз боп шаттанар,
Ашуланғанда үстап қалады безгегі.

Жетпіс жыл бойы алғыстан басқа алған жоқ,
Байтоқа бидің сара жолынан танған жоқ.
Өмірге жездем, жездеме өмір риза,
Тәтем екеуі бармаған курорт қалған жоқ.

Бұл күнде ішінен еттеп тынып жүр,
Өткен өмірден бір промахын біліп жүр.
Тәтем екеуі Совет елімен шектелсе
Күйеу мен қыздар шетелге шауып шығып жүр.

Мәжіліс құрып талай молдадан жол ағды,
Иман да бақ қой, кісісін таңдал қонар-ды.
Жетпіске келіп тәубесі түсіп есіне
Түркістан барып жарты қажы бол оралды.

Мейірім-нұрға шүшілдеп тұрап жүрегі,
Ақылы – дана, баладай аңғал міnezі.
Әuletіміздің ендігі қалған үлкені,
Аға да жезде, әке де бізге бір өзі.

Жетпіске келдің қанатың жезде талмасын,
Үрлағың өсіп, көшінді алға жалғасын.
Алла жеткізсе, сексен мен тоқсан, жүзің бар --
Үш рет жазам осы өлеңімнің жалғасын.

Ерік Асқаров

Ата біздің, күніміз,
Әжемнің, біз гүліміз,
Ұланды, ата, қуантып
Ұзақ өмір сүріңіз.

Немересі Динара.

Аялаған анамыз,
Саялаған панамыз,
Шынары бол өсеміз,
Шырағы бол жанамыз.

Немересі Жасұлан

ҚҮРМЕТТІ ЗӘКЕ!

Уа, Заке, шауып жеттің 70 жасқа,
Тау текедей секіріп тау мен тасқа.
Тізгін тартпай осылай журе берсең,
Жұзге дейін жетесің Алла жазса.

Үйткені қуатың мол, нөсіл қуған,
Аталы елдің баласы ең батыр туған.
Аргы атаң үш жұзге аян Баян батыр,
Ел қорғап, жау қалмақты қойша қуған.

Өзің де жарты ғасыр қызмет етіп,
Отырсың ақсақалдық жасқа жетіп.
Әкінбе мен де батыр болмадым деп,
Кетті ғой жауынгерлік заманы өтіп.

Бейбіт өмір батыры болдың анық,
Сый құрметке бөледі халқың танын.

Жетпісінде мешіттен шықпай жұрсің,
Күнәнді жас кездегі есіңе алып.

Өзің де жігітсің ғой жолы болар,
«Келіннің аяғынан» деген сөз бар.
Іргелі, аруақты үй болғанын,
Үлесі келініміздің молдау шығар.

Улкен үй, шаңырақ биік, ірген мықты,
Жағалай үл-қыздарың отау тікті.
Әр үйде жас сәбидің үні естіліп,
Батыр Баян ауылы болып шықты.

Көбейсін Батыр Баян үрпақтары,
Секілді еменнің жас бұтақтары.
Немере-шәберелер атасындаі
Үш жүзге шығып жатсын атақтары.

Жұптарың жүзге дейін жазылмасын,
Бақ-дәулет шаңырақтан арылмасын.
Куаныш шат-шадыман өмір сүріп,
Құдайым демеп жұрсін, жарылқасын!

Косыл Омаров.

ЗЕКЕНЕ

Жетпіске желіп жеттің, Зеке-аға,
Жаратылған тұлғасың жеке дара.
Тұған-туыс бағына құдай берген
Сендей абзал қамқоршы, сендей пана.
Саған, аға, ақ жүрек, жаны дархан,
Жүрек жарған сөзімді сыйға тартам.
Үл-қызың, өнегелі, жұрт сүйсінер,

Үлгілі бол жеткені сенің арқаң.
Ағайынды, достарды біріктірген,
Арасы шытынаса кіріктірген.
Әр істі ақылменен тындырасын.
Әділдікпен айқындал түп-турасын.
Бойың шағын болса да, ойың алып,
Ешқашан қажымайсың, мойып, талып.
Батырлық пен даналық бірдей біткен
Қасиетіне сүйсінем, қайран қалып.
Өзіңе берілмеді атақ, шені,
Ол кезде әділеттік болмап еді.
Еңбек еткен өз ортаң құрметтейді,
Сыйлайды Баян жері, Мағжан елі.
Бұрылышың құдайы, дін жолына,
Қарайтын мезгіл жетіп оң-солыңа.
Жұма сайын мешітке жолың түсіп,
Құран-Кәрім алышың оң қолыңа.
Жуырда Түркістанға барып келдің,
Қасиетті зәм-зәмге қанып келдің.
Бабалардың басына тағзым етіп,
Рухани зор байлықты алып келдің.
Ұзамай Меккеге дес жолың түссін,
Жегіп жатыр, еншалла, оған күшің.
Денге саулық, бойыңда қуат берсін,
Жемісті еңбек ете бер, дінің үшін.
Жаса әлі отыз жыл жұбайыңмен,
Жаратқан екеуінді құдайым тең.
Ақсақалды ақ жолда жүре бер деп
Алладан ақ тілекпен сұраймын мен!

Соңына ерген інің Болат Мағазұлы.

АУЫЛДЫ ОЙЛАҒАНДА

Кезінде жан ашып бас бұра алмадық,
Таратпай ауылды ұстап тұра алмадық.
Ағайын, артық кетсем, кешіріндер,
Мен бүгін ауылым деп жыр арнадым.

Олжабаев Зейнолла бас бол келіп,
Ата салтын еске алып қастерледік.
Бас қосып Аラлагаштың кәрі-жасы
Келіп түр ел-жұрттына ас бергелі.

Арасы ауылымның жақын болсын,
Айтқаны ұлkenімнің ақыл болсын.
Разы болмай өлгендер, байымаспыш,
Ағайын, берген асың қабыл болсын.


Заманның ағымына бағындық қой,
Іздегендеге жан-жақтан табылдық қой.
Аққайын, Өндіrbайым, Арап-Ағаш
Өзінді аңсап біздер сағындық қой.


Үн қатпай жатса-дағы бір үққаным,
«Келіпті, ұмытпапты ұрпақтарым», -
Дегендей он аунайды орынынан
Риза боп ата-баба аруақтары.


Осы елдің аға-іні, үл қыздары,
Мойынды қатып қалған бұргызайық.
Осы жерде бір ауыл болып еді деп,
Қосылып бір ескерткіш тұрғызайық.


Ерекше тұрмын бүгін мен қуанып
Осылай төге берсін күн шуағын.
Қолдасын осы айтқан тілегімді
Баяндай батыр атам аруағы.


Кәмила Элібаева.















Баян немересі Жылқыбайдан 2 бала: Өзденбай, Жұмабай.

Өзенбай балалары шетінен пірәдөр болды, әсіресе, Қабдолла. Ала жіпті аттамайтын адал кісі еді. Тінібай баласы Оразақ 1925 жылы туған, не бара 24 жасында дүниеден өтті. Өткір, бір бет, сескенбейтін кегін ешкімге жібермейтін алғыр еді. Колхозда счетовод болып істеді, зирек, сауатты болды.

Жұмабай атамыз – 1861 жылы туған. 1937 ж. халық жауы деп атылған. 1989 жылы ақталған.

Баласы Әбділдә ескіше оқыған, кейінгі кезде елде молла болды. Өте жылпос, үлкендеріміз мұның орысқа дегенде албастысы бар дейтін. Қалағанын.қалайда алатын еді. Біздің бала құнімізде, шабындық кезінде шалғымызды қайрап, дала қосының бригадирі болды.




Ескерту: 1. Қабдолланың бірінші әйелі Жамал, Мәтінің қызы. Жамалдан Әшім туған.


2. Тыныбай Мәруаны баурына салған, ол Қабдолла қызы.

Маныбай түкімі онша өспеген аз түкім. Ешкімге залалсыз, момын түкім болды. Айдархан ұлы Жұмажан көзі ашықтау, сауаты бар болатын. 1948 ж. жаламен ел сотқарлары соттатып түрмеге қамағ сонда 1950 ж. түрмеде қайтыс болды.


Касым деген атамыз, ақ кәніл, кісінің көнілі қалмасын деп тұратын иман жүзді адам еді.


1930 жылы менің шешем Зейнепті қолтығында бір жасар мен, айдаудан қашып шыққанында осы кісі жақын Мамыт (Орловка) қаласына жеткізіп бізді аман алған қалған атамыз еді. Бұл кісі 1961 жылдары қайтты. Қанапия зор денелі болатын. Қара күштің нағыз иесі, зорлық жасағысы келген көрші Орыстарды Шамбыл екеуі бет қаратпай, ұрып соғып бетін қайыратын. Орыстар біздің елге батпайтын. Барымталақ жасағысы келгендеге осылай тойтарас жасаған. Қанапия қатардағы жауынгер сапер 1898 жылы туған. Ленинград облысында Синявин поселкесінде 43.03 биiktікте жерленген. Екі центрлік бөшкелерді жеңіл көтеретін, бала кезімізде көрдік. Баласы Төлеубай (Балапан) есен сау. Жуан (Жұм-Жұма) ағамыз сал болды. Домбыра тартып өлең айтатын, бір беткей, ашуы ауызында, зілі жоқ болатын. Үл бала болмады, үрпақсыз.





3. Тасыбай: Шодыр (Құттымбек), Күшебай, Тоқай, Бөлдібай.





Ескерту: Нұрғалидың әкесі Зағыпар қайтқасын, шешесі Алимаға, Ажат үйленеді, олардан Нұркен (Нұралы) дүниеге келген.

Баян Батырдың -- шөбересі Құттымбеттен (Шодыр) тараған үрпақтары жалғасуда.

Төлепе ұлы Өтенбек 1889 ж.-1966 жылдар аралығында өмір сүрген адам. Көшпіл, қонақ жай еді. Соғыстың ауыр жылдарында қолы-кемтарларға көмек жасап, елдің бірлігін сақтаған. Топ ішінде өсіп отыратын, ұтымды сөйлеп, сөзі аз болса да маңызды болатын. Екі талайға намысқа келгенде, бір қойдың етін өзі жеп қоятын, ер адам болды. Баласы Кәкім қазір қалада тұрып жатыр – үрпақты.

Имамбек – аңшыл болған, үлкендеріміз айтатын. Бір қыста – қасқырды қуып, бір станға қамап, қасқырды құлағынан ұстап, аттай мініп алған екен. Домбыра, олең, қарт ойнауда өуес қылған. Салдық құрған. Әкесіне тартқан Ахметуали (Ақтай) да дәл әкесінің жолын қуды. Домбыра мен өлеңді айтқанда, ел тұнып тыңдаушы еді, амал не дүниеден өрте кетті.


Баймұрат атамыз – жанжал тәбелеске жақын болыпты. Бір күні тойға баруға Басшығұл атамыз дайындалып жатса керек. Башекен, Баймұраттың да баратынын естіп өзіне шақырып алады.

- Сен барсан, тәбелеспей, жанжалдаспай қайт. Лұрыс кел-сең, саған бір көйлек, дамбалдық мата беремін,- дейді.


Аман сау келген Баймұрат мата аламын деп Башекенде кел-се, - сенің киімің сау ма, міне осы менің саған бергенім, - дейді. Сонда Баймұрат – шіркін талай-талай тәбелес қалды-ау, - деп өкініпті.

Баймұраттың немересі Ермек – агроном. Өзінің жеке шарашылығы бар, егістік жері мол. Құдайға шүкір өз талабымен табысты еңбек етуде. Елге, ағайынға қамқорлығы бар азамат. Осы тұқымның, көзге түсер елдің жан ашыры десем артық емес.


0_L



Күшебай тұқымы өспеді, қазір Дүйсеке ауылында Сейпілден тарайтын ұл, қыздары ғана.



1. Шұбарәлі теңдесі жок, түje балуан атанған, белгілі адам ретінде ауызға ілінген.
2. Түйкен (Тұнғат). Отан соғысында ересен көзге түскен, батырлыққа ұсынған жауынгер. Соғыста қаза табады. 1960 жылдары бір генерал очерк те жазды.





Қарықбол – Баян батырдың бел баласы. Қарықболдан туған Қонай атамыз, кісілікті ел адамы болған.

Абай энциклопедиясы «Ата мұра» баспасы 1995 ж. 320 бетінде. Қонай Қарықболұлы (1790 туған - өлген жылы белгісіз) Абайдың «Қыс» өлеңінде есімі аталады. 1840 ж. Шоға Уақ бولысын басқарған, Қонай Уақ Россияға бағынған кезде елін тыныш үстап, Омбы өскери губернаторының алдында ант беріп, қол қойып, мөрін басқан. Оған Омбы облысының бастығы генерал лейтенант Сант-Лоранның ұсынуымен старшина атағы берілген. Абай: «Қатал қыста малыңды қасқырға алдырмай аман сақта, ит жегенше Қандыбай, Қонай жесін» – дес, ел шонжарларын тағы да бір қағытып кетеді. Ұлы Абайдың осы сөзі, Қонай атамыздың қандай болғаны туралы анықтай түседі.

Қонайдан туған Моті қажы (шын аты Доулетхан). Әлді бай болған кісі 1844 ж. туып – 1917 қайтыс болған.


1908 ж. 64 жасында қажылыққа барған, елге ықпалын жүргізген басшы адам. Бұл кісіден туған Омар 1871-1930 ж. 59 жасында дүние салған, бабаларының жосын қуған дәүлетті адам. Омардан тараған ұрпақтар баршылық, әр салада қызмет атқарып жатыр.








Төленді батыр Баянның немересі, шежіреде көрсетілгеніндей өспеген тұқым. Бұл тұқымнан жалғыз қалған Баян Қасенұлы Қарағанды ауылында тұрады.





Қанат – Үкеннің баласы, соғыстан оралмады, өз граната-сынан қазалы болған. Оны жанында болған Қырғыздың Бөле-гені, аман-есен елге оралғанда айтып келді. Қанат – деген кісі, ескі окуы мол, соңғыдан да хабары аз емес. Үшқызылда кол-хозда бухгалтер болған. Қолы шебер, әр нәрсеге ынғайлы. Облигациялардың нөмерлерін келтіріп Есілкөлдің жинақ кас-сасынан талай ақша алған. Оны бертін сол кездің ақсақалдары жыр қылатын. Талай рет Асқаров Хафиздің ауызынан да есті-дім. Қанаттың қанаттың сөздөрін тәнті етіп айтты.


Соғыста жүргенде Ыбырайдың Қапышымен (Қанапия) хат жазысады екен. Хатты ыңғай өлеңмен жазатын. Мен бала күнімде соғыстағы агалардың өлеңдерін көп жинадым. Өкі-нишке орай артынан жоғалттым, қолды болды, есімде қалған-дары түгел емес.




Бәйтеректен тарайтын үрпактарға әрі баруға болмады. Күмәндіні жазу обал. Бір шежіреде Өтебай қажығана болды десе, екіншісінде төмендегідей. Қазір осы тұқымның белгілі үрпағы Айтжанұлы Айтбай. Бұрынғы Караганды совхозының еңбек қайраткери. Қазіргі елге алға үстар үйітқысы, имамы, ел ағасы болып отыр. Өзіміздің адал, сыйлас ініміз.














Алтыбай үрпағы өспеді. Бұл тұқымнан Дәulet деген азамат болды, колхозда басқарма болған, 1955 жылдар қайтыс болды. Табылды деген жалғыз ұлы да әскерде қайтыс болды.














Абыл ауылымен құдандалы туыстасып кеткенімізге қазір 200 жылдан асып кетті. Бұл елмен тығыз қатынаста болдық, Әлі де қол үзіскең жоқпыз. Бірақ ұлкендеріміз бітіп, кейінгі жастарымыз окумен, қызметпен әр жерде түрмис құрып жатырмыз.

Абылды бір кездері Тоққараның тоғызы үйі деп мадақтаған түкім. Белгілікті адамдары болған. Олар Шахмет Баймұрат, Асқар, Өте, Қабдолла, Нұғыман, Сатай аталарымыз. Бұлардан кейінгілері Совет үкіметі кезінде ел басқарып, қызымет атқарған ағаларымыз: Фалымжан, Хафиз, Зейніш, Ералы. Бұлар ел қорғаны бола білді. Сонау 1937 жылдары да ел азаматтарын ешбір шеттеткен жоқ. Өте үйымшыл, бір ауызды болды.

Кейінгі үрпақтарын да, тұзу жолға салып тәрбиелей білді. Сейпіл, Шекер, Жұмабек, Сүлеймен, Сейілбектер осылардан үлгі алып өскен азаматтар.

Жездеміз Қасеннің Қабдолласы Басшығұлдың қызы Зәйнішке үйленген, ұлken қонақ жай болды. Зәйніш апамыз сөзді әр уақытта, астарлап терең мағнналы сөйлейтін. Маңайындағылар қызықтап тыңдал үйінен шықпай тыңдайтын еді. Жұмабике, Әйтбібі, ұлдан Жәнібек деген балалары болған, олар дүниеден өтті. Ендігі біздің маңдан жиендерден қалған жалғыз Күлзипә. Ол Семей қаласында тұрып жатыр.

Абылдың кейінгі үрпақтары Алматыда тұрады. Олар Баймұратов Оразгелді профессор-академик, баласы Баймұратов Ерлан республикалық халық банкінің бірінші орынбасары.

Нуралин Нұргазы – геология ғылымының докторы, мектепте және бір мезгілде Москвада бірге оқығанбыз.

Мекеш Жұмабек ұлы Утин (Өте) Алматыда вице-президент үлкен құрылышты басқарады. Еліміздің көзге түсіп, ауызды толтырып айтатын, сезімтал, бауырмал іскер азаматымыз. Алматыдагы барлық туыстардың ыстық-сұзығына бірдей араласып, қолдың үшін беріл жәрдемдесіп жататын аптал азамат, ғұмыра ұзақ болып, көптің батасы, қабыл болсын.

Асқаров Хафиз ете дарынды, қара сөзді, шежірені тереңнен білетін, әңгімесін мысалман түйіндейтін, Қызылжар өнірінің ескі кодірменді карты еді. Хафиздің қарындасы, ақын Шалабаева Әмино Асқарқызы, оның жолдасы руы Қаржас Шалабаев Әbdірашит 30 жылдан астам республикалық Главлитоның бастығы қызметін атқарды. Бұл екеуінің кейінгі Абыл жастарының оқу оқып білім алуына өзөр еңбектері бар. Әминә ақын, жазушы, бірнеше кітептің авторы, Абайдың өлеңін араб тілінен аударған аудармашы.



ЕРІК АСҚАРОВ

Ерік Асқаров ақын, Қазақстан жастар одағы сыйлығының және Жазушылар одағының Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлығының иегері Ерік Мұхаммед-Хафизұлы Асқаров 1959 жылы 10 акпанды Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы Дүйсеке аулында туған. 1966 жылы ауылдағы Ворошилов сегізжылдық мектебінің бірінші сыныбына оқуға барды. Бала кезінен оқуға алтыр, зерек болды. Өлеңді 3-4 сыныптарда оқып журген көзінде-ақ жаза бастады. Өлең-жыры, әңгіме, ертегі тындағанды жақсы көретін. Тұнғыш өлеңді «Ленин туы» газетінде («Солтүстік Қазақстан») 8- сыныпта оқып жүргенде-ақ басылып шықты. Содан бастап Еріктің шабытына шабыт қосылып, өлеңдері «Ленин туы» газетінде басылып тұрды. Ауыл мектебін бітіргеннен кейін 9-сыныпқа Алматы қаласындағы 9-мектеп-интернатқа окуға барды. Орта білімі туралы көмелеттік аттестатты осы мектеп-интернаттан алып шықты. Мектеп қабырғасында оқып жүріп, Ерік өлең жазумен ғана емес сурет салумен де айналысты. Сол жылы екі жылдық театр студиясына оқуға түсіп, бітіріп шықты. 1983 жылы Т.Жургенов

атындағы театр жөне көркемсурет институтында оқып, режиссер мамандығын алғып шықты. Алғаш өңбек жолын 1982-1986 жылдары қазақ теледидаррында режиссер болып бастады. Жазушы баспасында, Қазақ теледидарында редактор, Қазақстан Жазушылар оданың шығармашылық үйінде директор болып қызметтер атқарды.

Ерік Хафизұлы - өте талантты, білімді ақын. Оның «Көгілдір», «Астана жұртын айналсам», «Қазақстан ғасыры» т.б. жинақтары жарық көрді. Ол поэзиямен ғана айналысып қойған жоқ, оның драмалық шығармалары да бар. Еріктің «Біржан сал» пьесасы Көкшетау қаласының театрында қойылып, көрермен қауымнан, өнер сүйер жүртшылықтан аса жоғары баға алды. Қазақстан өнер шеберлерімен екі рет Түркия еліне сапарға шығып, ондағы қазақ бауырларымызбен кездесіп өнер көрсетіп қайтты.

Ерік қазақтың айтыс өнеріне де өз үлесін қоса білді. Айтыскер ақын ретінде өз халқының құрметіне бөленді, бірнеше рет жүлде де алды. 1998 ж. Астанадағы «Елорда» баспасының бас редакторы, 2000 ж. К.Байсейітова атындағы опера және балет театрының директоры, ал соңынан Қазақстан Республикалық – Уланының Президенттік оркестрінде көркемдік жетекші қызметін атқарды. Қандай қызмет істемесін адал, іскерлікпен атқарды.

Бірақ осындай аяулы азаматты, талантты дарын иесін 1 шілдеде сүм ажал арамыздан алғып кетті. Ерік автомобиль апатынан мезгілсіз қайтыс болды. Артында анырап бала-шаға, ағайын-туыстары, дос-жарандары қалды. Орны толмасты өкініш қабыргамызды қатты қайыстырып кетті. Соңғы сапарға ел болып түгел шығарып салды. Ерігімнің еліне елеулі, халқына қалаулы екенін елінің көрсеткен қошеметі тағы да дәлелдеді. Шығарып салу рәсімін Астана қаласының зиялыш қауымы көтерді, әрі басын бекітіп, ескерткіш қоюды да олар өз міндетіне алды, қырқын өткізген Куат Есімханұлы Есімханов басқарған Солтүстік Қазақстан облысының белгілі азаматтары еді.

Ерік Асқаровтың қазасына қалың елі қатты қайғырды. Төменде Солтүстік Қазақстан облысы өкімінің орынбасары Куат Есімхановтың және ақын Ербол Шаймерденовтың қаралы жиында сөйлеген сөздерін бердік.

ЕЛІНІҢ ЕРКЕСІ ЕДІ

Күні кеше ғана ұлы Мағжанның жұз он жылдығын мерекелеп, мерейленген Қызылжар ел-жүрті той дүбірі енді ғана басылған сөтте Астана жақтан сүйк хабарды естіп, тосын қайғыдан туы жығылып еңсесі тәмен түскендей күйде бүгін. Сол Мағжан тойының бел ортасында белсенділік танытып, ақындар мүшейрасына өділқазылық етіп, жыр пайғамбарының алдындағы парызын адал өтеп аттанған Ерік бауырымыздың күтпеген қазасы қабыргамызды қайыстырып түр.

Мағжан туған ауданның киелі топырағында дүниеге келіп, жас күнінен Мағжаннан қалған жыр пырағының жалынан тартыш мінген жалғыз ізбасар інісіндей, рухани жалғас үрпагындаі көрінген Ерік ақынның дөл Мағжан бабасының жасында, акқан жұлдыздай етіп үзілгеніне сенер-сенбесімізді білмей, қапы қалып отырған жайымыз бар.

Ерік еліміздің еркесі еді. Ерік жүрген жерін жыр-думанға бөлеп, шындық құсын шарықтатып, рухты көтеріп, жігерді жанып, өзіне тән ақындық ер мінезінен, өр мінезінен осте бір айнымайтын. Сонау Колбиннің тұсында қазак төлөдидарының тікелей эфиріндегі айтыста өзге ешкім айта алмаған ел мұнын өткір айтып, басына тонер қауілті де бүтіп-жасырмай, батылдығымен, һәм батырлығымен дараланған Ерігін елі екінші Мағжанына балап, ерекше ықылас-махаббатпен сүйгені шуббесіз. Қашанда елі тілеуін тілеген, көпшілік қолдаған, халық ұлы еді ол.

Есігімізді еркін ашып, еркелей кіріп, ел сөзін айттып, ел мұқтажын көтеріп келер ер азаматымыздың кейде тіпті шымбайға тиіп жатса да, шыдамасқа лаж қалдырмайтын, кейде бір ауыз жылы сөзімен бағамызды аспандатып, бүгінгінің батыр Баяндарына балап, көтермелеп, ынтымалыға ынта, сенімімізге серпін қосатын кездерін шын жүрекпен сағынатын, еске алып қамығатын болармыз.

Қош бол, бауырым! Артында өзің кетіп тыныстары тарылған агаларың, жаманаттан жагаларың ұстаған інілерің, еркесінен, рухани серкесінен айрылып, қайғылы, қаралы қал кешкен Қызылжарың қалды. Есімің ел жадынан ешқашан өшпесі де ақиқат.

Қош бол, ақын інім, ардақты інім!

*Құат Есімханов,
Солтүстік Қазақстан облысы
әкімінің орынбасары.*

ҚОШ, АСЫЛ АЗАМАТ, АҚ ЖҮРЕК АҚЫН!!!

Дүние – ғайып, тағы бір талантты тәрік етті...

Ажал құшағында тағы бір қыршын ғұмыр шырылдан кетіп барады...

Ақын Ерік Асқаров өтті өмірден... Толысқан тұста табаны тайып, әнтек жығылды.

Аз ғұмырында-ақ алты Алаштың аузының іліккен, жалпақ жүрттың жүргегіне жол тапқан Ерік бауырымыз ерекше отты еді. Тектіге тән өзгеше өр еді. Рухы биік болатын.

Алғаш сонау 70-шы жылдары Қызылжар – Алматы поезында кездейсоқ таныстық. Мектепте оқиды екен. Әлі жалпыға беймәлім, көпшілік қана емес, қоғам да жатырқай қарайтын ұлы Маржан жырларын жатқа оқып таңырқатып отырды. Жан дүниесінде бір өзгеше жарық бардай еді.

90-шы жылдары айды аспанға шығарып, айтыстың төрінен бір-ақ жарқ етті. От тілді, орақ ауызды көркем жігіт жасындай жарқырап отты бір жырлар төкті. Қырандай санқылдан зал толы сан мындаған адамды сан рет орындарынан ұшып түрғызды. Аса батыл үлтжанды ойлары еркіндік пен демократия самалының енді сезіне бастаган елдің жанын тербеді. Бар қазак оны тәуелсіздіктің ақжолтай ақыны атап кетті. Сол тұста тұңғыш жыр жинағы шықты. «Қызылжар» атапты. Кездейсоқ емес, елің, Алашың сүйген азамат бойында туған жеріне, өскен өлкесінеге деген ерекше сағыныш бар еді, шіркін!..

Сонғы жылдары жаңа астанамыздағы үлттық опера және балет театрының, «Елорда» баспасының негізін қалауға байланысты әралуан шаруаларға бар жан-тәнімен беріле араласып, шырпыр болып жүрген кездерін жиі көретінмін.

Сонғы рет... Астана университетіндегі ақындар айтысында жолығысып қалдық. «Аға, ініңізді құттықтап қойыңыз. Кеше осы жиынның мүшейрасында озып шықтым. Президент туралы поэмамың бір өдемі үзігін оқып едім, жүрт қырылып қалды», - деп аңқылдан құшақтасты. Бірақ жүзінде сөл қаяу, әнтек бір қоңыр бояу сезілгендей көрінді...

Содан кейін бір рет телефон шалып, мерекемен құттықтады, елдегі бір сыйлы азаматтың тұған күніне барып келгеннін айтты... Сонымен бітті.

Азамат бауырымыз, ақын бауырымыз ойда жоқта кенеттөн мәңгіге көз жұмды. Тағы бір асылымызды жазатайым жоғалтып алдық қой, ағайын...

Қол соққан Алаш, Тұраным,
Қызылжардан үшқан қыраным.
Жасындай ағып барасың,
Жәннатта болғай тұрағың.

Топырағың торқа болсын, асыл азамат. Бақұл бол, ақын бауырым.

*Ербол Шаймерденұлы,
ақын.*

ҚАРАҚОЯН МЕН ҚОЙСАНА

Осы үлкен Абылда Қарақоян, Қойсана деген екі шешен ана еткен. Екеуі де Абылдың белі немересі. Тоққараның келіндері.

Қарақоян Тоққараның үлкен ұлы Смайылдың бәйбішесі. Шын аты – Менетай. Сөзге жүйріктігінен Қарақоян атанса керек. Уәли ханның уәзірлерінің бірі – сіргелі уақ Киікбайдың карындасы.

Қойсана Тоққараның кіші ұлы Дүйсембінің әйелі. Матақай Керейдің қызы болса керек. Рұлы елдің сөзін ұстаған абысынды екі абзал ананың артында қалған шешендей сөздері көп. Солардың біразы Солтүстік Қазақстан облысы, М.Жұмабаев ауданындағы Дүйсеке селосында әкем марқұмнан, Хафизден жазып алған едім. Ол кісі Қарақоян ананын шебересі.

Бабасан атығайдың болысы Исамберді Абылга күйеу екен. Сол кісі бірде бес-алты атқамінермен Қарақоянның үйіне келіп түседі. Қарақоян болыс күйеуді бар ықыласымен қарсы алып, қонақ қылады. Бас пен жамбас, қазы мен қарта, жал мен жая асып, төре табақ етті қонақтардың алдына тартады. Исамберді қолына санысын алыш, етті аударыстырып жібереді де, ішінде

күйеу мүшесі төс жоғын көргеннен кейін сылқ етіп отыра кетеді. Исамбердіден қаймығып ешкім де табаққа қол салмайды. Сол кезде Қарақоян тұрып:

- Әй, Исамберді, мен саған бас пен жамбас, қазы мен қарта, жал мен жая асып бергенде ел ағасы, жұрт күйеуі деп сыйлас едім, - қустың кенірдегіне бола сылқ етіп отыра кеттін, бар болғаны бұт күйеу ме едің, тәйірі?! - депті.

Сонда Исамберді қос қолын бірдей көтеріп:

- Жерледің, жерледің!... Енді бет топырағымды қалдыра көр, - деп Қарақоянды одан әрі сөйлетпей, сапысын алып ет турауға кіріскең екен.

Тағы бірде Салпық Қарауылдың атқамінері Құлмағанбет де-ген кісі Қарақоянмен дәмдес болған екен. Ас ішіліп болған соң онгіме-дүкен қызады. Сөз арасында Құлмағанбет Қарақояннан:

- Әйелдің жаман аты немен шығады, еркектің жаман аты не-мен шығады? - деп сұрайды.

Қарақоян ойланбастан-ақ:

- Әйелдің аты қарлықпен, еркектің аты үрлықпен шығады, - депті.

Сөйтсе, Құлмағанбет жас күнінде үрлықты кәсіп қылған екен. Қарақоянның соны тұспалдал түрғанын түсініп:

- Тілінді тәнір кессін, - деп, күліп құтылған екен.

Есеней би қайтыс болғанда Қызылжардың арғы бетіндегі бес болыс керей-уақ шалғайда жатқан келтесор бойындағы шоғага да сауын айтады. Шоғаларды Қарақоян бастап барады. Үйірлеп, табындал мал айдауға жер мойны қашық, соны ескеріп шоғалар жетекке алып аз ғана сойыспен барады.

Есенейдің ағайындарының бірі Шоғаның сауынын азсынып, өкле айтады. Сонда Қарақоян Есенейдің артында қалған мол доулетке мұрагер жоғын тұспалдал:

- Есенейдің тірісінде жиган малы өлгенде асына жетпей қалады деп кім ойлаған, - денті. Қарақоянның сөзіне ешкім уәж айта алмайды.

Қарақоян ана көз жұмарында алты ұлы – Самайбай, Төкіш, Шәріш, Құсайын, Қасен, Өтені шақырып бақұлдасқан екен.

Сонда Абылдың арғы атасы Ер Қосайды аузына алып:

- Сендер «Қос жүректі Қосай» атанған кислі батырдың үрпағы екендерінді ұмытпандар, - десе керек.

Қарақоянның тұғанabyсыны Қойсанада кеменгер, ағыла шешен адам болған. Қойсананың жалғыз ұлы Әбен жас қайтқан да, артында үрлақ қалмаған.

Қойсанада Әбенге Тәбет керейдегі Сүйіндік дегениң қызын айттырады. Қалың малын түгсл төлең қояды. Бірақ Әбен сөтс қайтыс болады. Қойсанада «малымды қайтарсын» деп араға кісі салса, Сүйіндік конбайді. Дау ұлғая келс екеуі биге жүгінетін болады. Сүйіндіккес ағасы Жұбай:

- Қойсанамен дауға түспе, борібір ол саған алдырмайды, босқа абырайсyz қаласың, - деп ақыл айтса да:

- Тіл мен жақ менде де бар, - деп інісі көнбайді.

Би алдында алғашқы кезекті алған Сүйіндік мақалдан-мотелдеп қара сөзді ет пісірім уақыт сапырса керек. Кезек Қойсанага келгенде:

- Менің Әбенім атын ағаштың жел жағына байлады ма, есігінді ашты ма, қызыңды шалқасынан салды ма, алқасын алды ма? «Иә» – деп бір ауыз сөз айтсаң мен қотыр тай да дауламаймын, - дейді.

Сүйіндік аузын аша алмай отырып қалады. Соңда ағасы Жұбай:

- Мен сен итке не деп ем?! – деп, долданып кеп, інісін қамшымен бір тартады.

Батыр Баянның немересі Байтоқа би қара қылды қақ жарған әділдігімен үлкен абырайға ис болған адам. Ол тірі түрғанда Шоға баласына ешкімнің тісі батпаса керек. Байтоқа қайтыс болған соң, қырық жылғы барымтанаң ауыс-түйіс малын даулап, Түлкібайдың Етекбайы келеді. Шоғаның үлкендері бүл дауға Қойсананы да алдырады. Қасындағы покерлерімсп кіріп келіп Етскбай уақтың билерімен амандаса бастайды. Неге екенін кім білсін, Қойсанага ғана сөлем бермей төрге озады. Қойсанада отырып:

- Бұл келген кім? – деп уақтың билерінен сұрайды. Жұрт жамырап Етскбайды таныстырады.

Қойсанада соңда:

- Тұлқібайдың алтын жақ, жez тандай баласы бар деп естүші ем. Сол сен екенсің фой. Етекбай шырагым, маған неге сөлем бермедің? Әкенді Шыбындының қаласында жылқы үрлап жатқан жерінде алbastы басып өлтір ді деуші еді. Әлде сол алbastы мен деп отырмысын, - дейді.

Етекбай үндемейді. Ас ішіліп болған соң нөкелерлеріне:

- Қайтайық, - дейді. Нөкерлері:


- Ау, мал даулауға келдік қой, - деп наразылық айтса, Етекбай:


- Малдың күні түгілі өкеміздің күнин да алған жоқтыз ба? – депті.


Бірде Моті қажының Омары Жұмабайдың ұлы Нұрмаганбеттің қызы РАЗИЯНЫ алып қашады. Артынан Нұрмағанбет нөкерлерімен қуши келіп, слден таба алмай, Абыл қотанына іздей келсе ксерек.


Мен Омарды ұстасып патшаның ақ морін бастырып итжек-кенге айдатамын деп ойрандатады. Сонда Қарақоян деген ана-мыз, - ой Нұрмағанбет, сен патшаның морімен қорқытасын, үш күнисеп бері алланың жаратқан ақ мөрі қызыңың денесіне жа-быспады дейсің бе? – деп тоқтатқан екен.


Ерік Асқаров.




























БОРАНШЫ


























ІДІРІС ҚАЖЫ МЕН ОНЫң БАЛАСЫ МӘЛІК (МӘЛГАЖДАР) АЙДАРБЕКОВТАР ТУРАЛЫ

Шежіреде жазылған Шоғаның Есқара атасынан тараған Байғұлы (Байғалы) үрпақтарының ішінде Ідіріс қажы жәнс оның баласы Мәлік облысымзга танымал тарихи адамдар болған. Бұл кісілер жайлы «Солтүстік Қазақстан» газетінің 17 қазан 2003 жылғы санында «Жәдігер сирры» атты мақала жарияланған болатын. Үршақтары мен ауылдағы ағайындары осы мақаладан бұл кісілер жайлы біле алады.

ЖӘДІГЕР СЫРЫ

Облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қазақ түрмисы мен әдебиет салттың ариалған кең бөлмесінде көрермендерді өзіне тартатын, оте сирек кездесстін, тіпті Қазақстаниң басқа қалаларындағы мұражайларында бола бермейтін жәдігер бар, ол – тақ орындық.

Орындықтың торт сирағы, арқасы, шынтақ тірері – бәрі ірі қара малдың мүйізіңен әшекейлінген, отыратыш жері мал төрінен жұмсақ қылып жасалып, қызыл барқытиен тысталған.

Бұл орындық қазақтың сон-салтанат өнсірінің ешқайды кездеспеген жаңа түрі, мал шаруашылығымен айналысатын қазақтың көсіби дүниесі.

Қазақтар мүйізден нешестүрлі әшекейлср, ыдыстар, құрал-саймандар, насыбай салатын шақша жасайтын, ал мүйізден жасалған орындықты бірінші көргенім, - деген еді мұражайды болғанда филология гылымының докторы, профессор Тұрсынбек Қәкітев.

Бұл кісіден де басқа соңғы 2-3 жыл ішінде ұлыларымыздың тойына Алматыдан, Астанадан келгей қонақтар бұл жәдігерге таңырқай қарап, Орталық мұражайға алу туралы «құда

түскендері» де болды.

Бұл жәдігер мұражайға қашан өкелінді? Иесі кім?

Жәдігерді мұражайға 1967 жылы 21 шілдеде Петропавл қаласының түрғыны Венсра Күпкина деген азаматша сатқан.¹ «Аталарым Ідіріс, Мәлғаждардан қалған орындық еді» - дегенинсін басқа ештеңе демей, өткізе салған. Мұражай қызметкерлері этикеткасына «Байдың тагы» дегі жаза салған. Ислері кім ексні зергтелмей келді.

Жәдігердің зерттелуіне қаламыздың кейбір түрғындары «Осы өлкенің тарихын жинастырып жүрген азаматсыздар ғой, мына орындықта үлкен сыр бар, тарихқа беймөлім болып бара жатқан есімдер бар» – деген сөз себеп болды.

Әткен тарихымызды таныш-білуде корер көзге куәгерлік тарихи дерегі бар мұражайлар мен мұрагаттардың ерекше орын алатынын айтып жатудың қажеті болмас. Мақаламыз Петропавл, Алматы мұрахаттарынан табылған құжаттарға неғізделіп жазылып отыр.

Орындықтың бірінші иссі Айдарбеков Ідіріс қажы 1849 жылы Құсмұрып дуаны, Келтесор болысы жерінде, қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы, Майбалық ауылynyң туған. Шешіресі Уақ руының Шоға атасының Есқарасынан тарайды (Есқара-Масай-Мұсай-Байғұлы-Әлібек-Бакан-Айдарбек-Ідіріс).

1908 жыл 59 жасында Меккеге қажылыққа барған. («Қазақстан қажылары», «Ислам өлемі» баспаханасы. 2000 жыл 124 бст.).

Ідіріс қажының жоне оның баласы Мәліктің (Мәліғаждар) атқарған қоғамдық қызметін тарихқа бүрүліс жасамай айту түсініксіздеу болар.

1917 жылдың күзінде Петропавл қаласында үлттық-саяси үйим – «Үш жұз» партиясының дүниеге келгенін тарихтан жақсы білеміз. Бұл саяси тоң, негізінен, ұсақ буржуазияшыл қазақ интелигенциясы өкілдерінен құрылды. Партия әусл баста «Алаш» партиясымен бірлесе өрекет жасаймыз деп мәлім-дегенімен, қоғамдық-саяси мәселесі жонінен кейін «Алаштың» басты сынаушысы болды. Бұл партияның басшылары ав-

тономияны тек қана қазақтар үшін мемлекет құру дең түсініп, Қазақстанды мекендең келген орыстарды қөшіріп жібермей, қазақ автономиясын құру мүмкін емес дең байытады.

«Алаш» партиясымен тұнкі келіспеушілігі осы мәселеден басталды. Бұл партия «Алашқа» қарағанда солшылдау болып, алғашқы кезде Сәкен Сейфуллинің де бүйрекі бұрған. Партиямен аттас олардың «Үш жұз» газеті Петропавлда 1918 жылдың қантарынан сөуір айына дейін шықты. Әр санының бірінші бетінде «Жасасын Тұрік-Татар баласы!» деген пан-туркистік ұран басылып тұрған. Міне, осы газеттің бас демешісі атақты байлар орындықтың иелері - әкелі-балалы Айдарбеков Ідіріс иен Айдарбеков Молік (Мәлгажлар, кейбір құжаттарда Ідірісов Молғаждар) болды. Мәлік бұл кезде қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданының көп жері қараган «Келтесор» болысының болысы болатын.

Қазақ еңбекшілері тарарапына қолдау тапшаган «Үш жұз» 1918 жылдың сөуір айында саяси үйым ретінде омір сұруін тоқтатты. Таратылған партия басшыларына кудалау жүргізгенде партия басшысы Көлбай Тоғысовты Омбының түрмесіне қамағаның, қамаудан қашып шыққанан кейін Колчак армиясы «алаштардың» көмегімен қайта ұстаған, атып тастаганы тарихтан мәлім жағдай. Осы партияның басшыларының қатарында болған әкелі-балалы Айдарбековтердің тағдырын өз қоюмен жазған хатынша баяндайық.

Петропавл ОГПУ-дың (Бірлескен мемлекеттік саяси бас-кармасы) 1928 жылғы 10 қыркүйектегі шешімімен Мәлік Айдарбеков Ақтөбс қаласында жер аударылады. (Петропавл мұрагаты. Қор – 5П, тізбе – 1, Іс – 156.)

Мәлік бұл шешіммен келісіней, 1928 жылғы 18 желтоқсанда ВКП(б) жөне Саяси бюро орталық комитетінің бас хатшысы И.В.Сталинге, 1929 жылғы 23 қантарда бүкілressейлік орталық атқару комитетінің президиумына шағым-хат жазады (Алматы мұрагаты, Қор – 135, Тізбе – 1, Іс – 379. «Дело по конфискации хозяйства и выселению бая 8-го аула Бейнеткорского района Петропавловского округа»).

Бүкілресейлік орталық атқару комитетінің президиумына жолдаған арыз-шағым хатында былай дес жазады:

«Көлбай Тоғысов тұрмеден қашқанда мені оны қайтадан ұстағанша тұрмеде кепілдіктे үстады. Тоғысовтан кейін «Үш жүз» газетін қаржыландырып отырған әкем Айдарбеков Ідірісті тапа-тал түste сотсыз үйге келіп атып тастаи, мені де өлтірмек болып қылышпен шапты. Өлді деп ойлаған Колчак жендегтері үй ішін тонаи малымызды айдал кетті. Мені (Айдарбеков Мәлікті) қылышпен шапқанын дәлелдеу үшін Ақтөбе қаласы орталық ауруханасының эксперт сот-медицинасының 13.02.1928 ж. анықтама қағазын арызға қоса жіберіп отырмын. Анықтамада арқамның үшінші беломыртқа тұсы тілінгені жазылған. Совет үкіметін қолдағанымыз үшін колчакшылардың әкемді атып өлтіріп, мені қылышпен шауып өлтірмек болғанын Петропавл округінің Бейнетқор ауданының жүртшылығы тегіс біледі. Осы ауданның нөмір 8-ауыл ячейка коммунистері Сәлім Сейілханов, Биләл Менұibaев, Нығымет Құдайбергенов, Рамазан Шәрішев т.б. коммунистер күә бола алады.

1921 жылы Петропавл ауданы «Келтесор» болысы революциялық комитетінің терағасына сайланып, советтік құрылыш орнатуға белсенділік көрсеттім. Кокшетау бандаларымен соғыста бір адамын өлтіріп, біраз адамын тұтқынға алдық. Осының бәрі сол кездегі Ақмола губерниясы Төтениш комиссиясының бастығы жолдас Лосевкс мәлім.

Совет үкіметін құру жолындағы осы сияқты істеріміз ескерілмей, дүниемізді тәркілеп, жер аударулары заңсыз деп білемін».


И.В.Сталинге жазған хатында да Қазақстан үкіметінің заңсыз жер аударып отырғанын айта келе, былай деп жазады: «Мы Казахи – переживаем ныне этап разлагающегося родового быта, из скорлупы этого быта мы еще невылупились. Мы Казахи – в силу сложившейся счастливо объективной политической обстановки, созданной Октябрьской Революцией, избегли грозившего при царизме этапа рабства, и также этапов

феодализма и капитализма, и казахи, минуя муки рождения этих этапов, свободно, легко и безболезненно могут воспринять социалистический строй при условии разумного умелого подхода к делу со стороны местных партийных, советских и хозяйственных организаций и при условии строжайшего соблюдения принципов преподанных XV съездом партии и последовавших за нимplenумов ЦК ВКП(б).


Переход же от родового быта к социализму не представляется таких особых мук, так как в самом родовом быту содержатся все начало патриархального коммунизма, нуждающегося в разумном руководстве диктатуры пролетариата и в научном оформлении.

Если ошибаемся в наших взглядах на дело, то мы просим Вас, тов. Сталин, извинить нас в том предложении, что мы говорим Вам все это от чистого сердца без задних мыслей, по нашему разумению. Мы полагаем, что Казахстан в отношении нас допустил ошибки, что просим Вас иметь всегда в виду».


Хаттың мазмұнына қарағанда Мәлік сауатты, саясатқа да жетік болған. Сталиннің сол кездерде сенімді адамдарының бірі деп саналған Голощекин басқарған Қазақстап үкіметін «қателесті» деп Сталиннің өзіне жазуы барып тұрған батылдық, екінің бірі істей бермейтін іс.




ҚЫРҒЫЗӘЛІ ҮРПАҚТАРЫ АЙДАР (ТАЗ)



Ескерту: 125 бетке жазылуға тиісті Айдар (таз) 124 бетке жазылды








| 26


Тұсініктеме: Атамыз Айдардан (таз) тараған, толық шежіренің жоқтығынан үзінді болса да, аталған үрпақтарын жазуға мәжбүр болдым. Әріге бара алмадым. Білетіндер жоқтың қасы. Осының өзін жинақтауға қатынасқандар (Айтжан Бекжан ұлы, Қожахмет ұлы Тәшимухан ақасақалдар және Сергазы ұлы Ерік ініміз.


ШОҒАНЫҢ ҚОЗЫМЕРЕК АТАСЫНАН ТАРАФАН ҮРПАҚТАР











САРЫ БАТЫР ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАСЫ ҚЫСТАУБАЙ

Шеңкіреде Сары батыр біздерге жеткен дерек бойынша 1690 жылы туып, 81 жасында қайтыс болған екен.. Оның зираты Солтүстік Қазақстан облысының Докучаев селосынан 4-5 шақырымдай жерде. Сары батыр обасына Бидалы уақ Сүйір батыр да жерленген сікен. Тарихи шығармаларда Сары мен Баян батырлар қатар аталады. Ексуінің рулары бір болғанымен шежіреде көрсеткендей аталары болек. Сары Шоганың Қозымерек атасынан тараға, Баян Қыргызоліден тарайды.

Қазақ-қалмақ соғысында Сарының ерлігі аңызға айналған. Сары батыр туралы Қожаберген, Тоттіқара, Үмбетей жыраулар жырлаган.

Қожаберген «Елім-ай» атты жырында:

- Бөгөнбай, Ер Сары, Асқап, Жабай, Көшек, Қалмақты қойша қырған, зар еңіретер, - десе,

Тоттіқара:

- Өзге батыр қайтса да бір қайтиған Сары менен Баянды айт Уақтағы, - деді.

Сары мен Баянның срлігін көзімен көрген Үмбетей:

Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Богенбай
Сары, Баян мен Сағынбай
Қырмал па еді жауынды?
Қуантин на еді қауымды

Үмыттың ба соңы, Абылай? - дей жырлаган.

Аңыз бойынша Сары батыр ұзын бойлы, екі иығына екі кісі мінгендей зор денелі адам болыпты. Оның жорыққа мінетін төртөбелі есік пен төрдей, басқа аттар төртөбелдің қасында тайдай ғана болын көрінеді екен. Қару-жарағыда өзіне сай болса көрек, беліне қыстырып жүретін шоқпарын әр адам көтерс де алмайды екен. Баян жауға жақындағанда ағасының төртобелін шылдырып ұстап алғып дүшпап өскерінің бір шетінен үрысқа кіргізетін көрінеді. Содап тізс айырмай тиіскең қос батыр қойға шапқан қос бөрідей қалмақтарды жапыра қуып отырса керек. Ақиық ақынның Мағжан Жұмабаевтың:

«Баянның ер ағасы – батыр Сары,

Қос қыран тізе қосып жауып куған», - дейтіні содан екен.

Сары батыр Еділ бойындағы қалмақтармен болған соғысқа да қатынасқан көрінеді. Осы жорық туралы ел ішінде бір әңгіме бар. Қалмақтармұн кескілескен бір үрыста Сары батыр жау ортасында жалғыз қалып қояды. Жараланғанына қарамай, онды солды шоқиар сілтегенімен көптің аты көп, батырды әлсіретіп тастайды. Сол кездे «Жаубасарлап» бір тоң қазақтың сарбаздары лап қойып, қалмақтарды тықсырып тастайды. Көз тоқтатып, жан-жағына қарап түрган қарт батыр «Жаубасар» деп ұрандатып бір тоң сарбаздарды бастап келген жігіт өзінің баласы – Қыстаубай (Ноян) екенін көреді. Баласын танып қалған Сары батыр иығынан қаны сорғалап тұрып: «Әй, арамсідік, сен әлі тірі ме едің, кет жолымнан!» -- дең, бұрылып жүре берген екен. Ұл Қыстаубай Сары батырдың бәйбішесі Мақпалдан туған кенжесі болатын.

Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасындағы Ноян – осы Қыстаубай. Ұл уақиғаның шындығында тұтқын қызы Құралайды алып қалмаққа қашқан Қыстаубайды (поэмадағы Ноянды) батыр Баян Жолдызек деген (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайың ауданында) жерде куып жетеді. Бірақ Баян Қыстаубайды да, Құралайды да өлтірмейді. Жагалбайлы елінде Қыстаубайдың нағашы жұрты болатын, соған жол сілтеп, батасын беріп коя береді. Екі жастың киімдерін атып алған аңының қанына былғап, ағасы Сары батырга өлтірдім дег келеді. Кіші жүзге сінісіп, қол бастаған батыры болып кеткен Қыстаубай-Ноян әкессі Сарымен осындағы жағдайда кездесіп қалған екен. Сары батырдың өлім аузында тұрса да, баласының жас кезіндегі ағат ісіне кепірім жасай алмағаны бірбет қайсарлығы ма екен? Әлде баласын қалмақ еліне қашты деген ойынан арыла алмағаны ма? Қалмақтармен болған осы соғыста ауыр жараланған Сары батыр еліне жеткенмен сауыға алмай 1771 жылы қайтыс болады.

Сары батырдың баласы Қыстаубай (Ноян) сол кеткенен 1888 жылы нағашы жұртынан бірнеше шаңырақ болып еліне, Қызылжар оніріне оралған. Қазір Сары батырдың үлкен баласы Сексенбайдың үрпактары Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақыны, Темирязев аудандарында, Петропавл қаласында, Преснов селосында тұрып жатыр. Ал, батырдың қалған бес баласының үрпактары Республикамыздың басқа облыстарында.

ҚАРАДАН ТАРАҒАН ҮРПАКТАР

Козымсек

Қарағой
Қара
Кенжекара
Майлы

Керейбай

Елұбай

Балтабай

Усен
Алшағыр
Елібай
Барак

Ағек

Жаныбай
Қонысбай

Пішенбай

Сәкен –
Амантай

Аралий
Нұрбай
Шүрек

Сүгібай
Орынша –
Жұлырық

Рамазан

Жалғас
Диас

Қайырбек
Мұратбек

Күлкіке
Алсай

Базарбай –
Бейсен

Орынбасар –
Уали

Алмас
Олжас

Кайла
Айдар
Кайырлы
Салтапат

Кенжелі

Мұса

Кайкөш

Болат
Серік

Ісесіп

Марат
Жанат
Канат

Тастанбек –
Гастемір

Жұксы

Бекен
Сәкен

Сердалы

Есілбек

Каяш

Толеген

Кайыр,
Серік
Сейілбек,
Нұрбек
Ерсібек,Дүлгет
Еслем

Касен

Кәкен

Олжас
Жандос

Еңбек

Саят


Жансая,
Әділхан


Қайрат
Женіс


Мейрам

Күрмет
Шалабай


Аңсаған











КЕҢЖЕҚАРА ҮРПАҚТАРЫ:































КОЗЫМЕРЕК БАЛАСЫ МАЙЛЫ ҮРПАКТАРЫ:

























Доскей



















Қараман Құдайқұл баласы





Ескерту : Қараман үрпақтары Қостанай облысы жерінде тұрады.


*Шежіредегі Қожық Мақашов Тарихи адам. Кенесарының
Карындасын алған күйеу. Кенесарымен бірге қыргыздармен согысқан.*


ҚАЙДАУЫЛ ҚҰДАЙҚҰЛ БАЛАСЫ














198






691


Жанғұтты




Б-3




Б-4




Б-5






Б-8



Б-9




K-1


Құдайберген Сағындық
баласы


Малқор	Сүйір батыр	Әйтілес	Жантілес	Жандәulet	Шындәulet	Жанток	Жанан	Күшік
--------	----------------	---------	----------	-----------	-----------	--------	-------	-------


175





K-3































185











КЕРЕЙ ДЭУЛЕТИМБЕТ ШЕЖИРЕСІ





















**МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ, ҚҰРАЛАЙ АУЛЫНДА ТҮРАТЫН КҮРСӘРІ
КЕРЕЙДІҢ АСАН, ҮСЕН АТАЛАРЫНЫң ШЕЖИРЕСІ**


§61

























































ҚАРАУЫЛ РУЫНАН БІР АТАНЫҢ ШЕЖІРЕСІ







**ЖАКСЫЛЫК КАРАУЫЛДЫҢ КӨРШІ
КОНЫСТАНҒАН ЕЛДЕГІ ҮРПАҚТАРЫ**














Ескерту:


1. Тоқбай қайтқасын Көпейді Жолдаспайға қосады.
2. Қалмырза ұрпақтары маған нағашы жүргт болған соң аздап зерттеп едім, осыдан асалмадым.
3. Кенжетаев Болат, Қара Ысқақтың апасынаң (Зылиқадан) тұған.













ҚАРАУЫЛ





АТЫҒАЙ РУЫНЫҢ ЕСЕНТАҢЫРЫҚ АТАЛАРЫНЫҢ ШЕЖИРЕСІ:




Тұсініктеме: Әбдірахман, Балбопе Әлімбайдан туғандар ағасында бала болмағансоң Әбдірахманды Айтықа берген, Жақыпта да үриақ болмаған Балбопені Жақыпқа берген.

АТЫҢАЙ







ОРТА ЖҮЗДІҢ НАЙМАН РУЫНАН ТАРАФАН БІР АТАНЫң ШЕЖІРЕСІ



КОЖАДАН ТАРАЙТИН СӘДІ АТАСЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ



ҚОШҚАР ҚОЖА ШЕЖИРЕСІ



ТҮЙІН

Құрметті оқырман, өздерініңге молім қазақта жазу-смығын ендері кеш дамығандықтан қазақтың үлт болып қалыптасқан алғашқы дәуірдегі шежірелері бізге ауызша жетті. Соңдықтан бұл уақыттың шежіресінде бір ізділік сақталмай, көп түрлі (көп варианты) болып келеді. Кітаптағы бұл доуірдің шежіресін қазақтың атақты шежірешілері Мұқаметжан Тынышбаев, Шекерім Құдайбердисұтар шежіресінен алынды. Шамамен 18 ғасырдан басталған Уақ Шоға шежіресін көп жылдар бойы тірнектеп жинап, қағазға түсіріп жүрген едім. Кірісісде жазылғандай Жамбыл, Шал ақын аудандарында тұрып жатқан Уақ Шоға шежірелерін Уәйіс Елеманұлы, профессор Қабидolla Досмағамбетұлы, Қосыл Абдрахманұлы, Уалихан Қуанышұлы, Социал Жұмабайұлы, Бектұрған Құрмашұлы шежірелерінен алынды. Кітапқа облыс жерінде тұрып жатқан барлық Уақ Шоғалардың шежірелерін жазуды мақсат етсек те, бұл мақсатымыз орындауды деп айта алмаймын. Өйткені, кейбіреулер озінің шыққан тегін ұмытыш, ұлы өкесінен арғысын білмей жатса, кейбіреулер шежіресін беруге ынта білдірмеді, басқа біреулерден сұрау арқылы жазуға мәжбүр болдық. Соңдықтан кіслердің есімдерінде, таратыуында қателіктег кетуі мүмкін. Бұн-дай қателік кеткен жағдайда кешірім сұрауға дайынбыз.

Осы кітапты жазудағы мақсат кейінгі үрпақ өзінің ата тегін біліп өссе еken деген тілекten туғанын тағы еске сала-мын. Кейінгі үрпақ осы кітапты толықтырады, жалғастырады деп сенемін.

Кітаптың баспа шығынына демеушілік жасаған: **Пішенбаев Қайрат, Баймұратов Ермек, Утин Мекеш, Қалиев Серік, Асқаров Сайлау** сияқты азаматтарға шексіз ризашылығымды білдіріп, әрқашан аталарының аруақтары қолданап, отбасыларына амандық, жұмыстарына табыс тілеймін.

Кітапты баспаға дайындауға көмектескен «Асыл мұра» орталығына, Социал Жұмабайұлына раҳметімді айтып, жұмыстарына табыс тілеймін.

ЗЕЙНОЛЛА ОЛЖАБАЕВ.

МАЗМҰНЫ

Тарихи танымы мол кітап	3
Алғы сөз	3-6
Уақ шежіресі	6-9
Шоғадан тараған үрпақтардың қоныстануы	9
Қазақ шежіресі	10-11
Орта жүзге қарасты рулар	12-13
Қылды батыр	14
Шоға	15
Есқара баласы Қарабас атасы шежіресі	16
Баян батыр	17-23
Баян батырдың кейінгі үрпақтарының корнекті адамдары	23-27
Бұлан Мұсабай	28-29
Қысқаша өзім туралы	30-42
Елге сыйлы есімдер	42-46
Бақыт құшагында	46-49
Жездем жетпіске толғанда	50-51
Құрметті Зәке	52-53
Зекеңе	53-54
Ауылды ойлағанда	55
Олжабай	56
Басшығұлдың қыздары	57
Мұсабай балалары Төлеғен мен Бөлекен	58-60
Жылқыбай	61-62
Маныбай	63-64
Таңыбай	65-66
Тасыбай	67
Шодыр (Құттымбст)	68-69
2.Күшебай 3. Тоқай	70
Бөлдібай	71
Қарықбол	72-73
Күлтереск	74-78
Бәйтепек	79

Қасаболат	80-82
Қарабас (Алтыбай)	83
Қарабас (Абыл)	84-90
Ерік Аскаров	91-92
Елінің еркесі еді	93
Қош, асыл Азамат, ақ жүрек ақын!!!	94-95
Қарақоян мен Қойсана	95-98
Кіші Абыл	99-101
Шақа	102-107
Бораныш	108-115
Масай үрпақтары	115-117
Ідіріс қажы мен оның баласы Мөлік (Мөлгаждар) Айдарбековтар туралы	118-122
Қыргызолі үрпақтары: Ес (Бақан), Айдар (Таз)	123-126
Шоғаның Қозымерек атасынан тараған үрпақтары	127-131
Сары батыр және оның баласы Қыстаубай	132-133
Қарадан тараған үрпақтар	134-137
Кенжеқара үрпақтары	138-147
Қозымерек баласы Майлы үрпақтары	148-152
Бидалы Уақ шежіресі	153-162
Қараман Құдайқұл баласы	163
Қайдауыл Құдайқұл баласы	164-187
Керей Дәuletімбет шежіресі	188-194
Мағжан Жұмабаев ауданы, Құралай аулында тұратын Құрсөрі керейдің Асан, Үсен аталарының шежіресі	195-213
Қарауыл руынан бір атапың шежірессі	214-224
Атығай руының Есентаңырық аталарының шежіресі	225-227
Орта жүздің найман руынан тараған бір атаның шежіресі	228
Қожадан тарайтын Сәді атасының шежірессі	229
Қошқар Қожа шежіресі	230
Түйін	231

ЗЕЙНОЛЛА ОЛЖАБАЕВ

***УАҚ ШОҒА
ШЕЖІРЕСІ***

Жауапты шығарушы: С.Жұмабаев
Басылымды дайындаған: С.Жұмабаев
Техникалық редактор: В.В. Назаренко
Компьютерде терген: Н. Байтепова

Терүте 06.12.2003 ж. жіберілді. Басуға 18.12.2003 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84 4/16, қағазы оффсет. Каріп түрі "Таймс".
"RISO" аппаратында басылған. Шартты баспа табагы 6,8.
Таралымы 500 дана.

Бағасы келісілген.

Солтүстік Қазақстан зан ақадемиясының редакциялық
Баспа орталығында басылды.
Петропавл қаласы, Мир көшесі, 69 «а» үй.